



## ➡ | ПРЕЗИДЕНТ АҚШ-қа БАРДЫ

18-19 ақпан күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысу үшін Вашингтонда жұмыс сапарымен болады.

Саммит барысында Газа секторындағы ахуалды тұрақтандыру мәселесіне баса мән беріледі. Атап айтқанда, бейбітшілік орнату, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және гуманитарлық көмек жеткізу бойынша нақты шаралар әзірлеуге ден қойылады.

Сонымен қатар сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық ірі компаниялардың жетекшілерімен бірқатар кездесу өткізеді.

## ➡ | ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Санаэ Такаичиді Жапонияның Премьер-министрі лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Президент Жапонияны еліміздің Азиядағы басты серіктестерінің бірі ретінде атап өтті. Сонымен қатар достық пен өзара түсіністікке негізделген кеңейтілген стратегиялық серіктестік қос халықтың игілігі жолында ұдайы нығая беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Санаэ Такаичидің аса жауапты қызметіне табыс, ал жапон халқына құт-берсеке тіледі.

## Үнзила ШАПАҚ, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының және Конституциялық комиссия мүшесі:

### ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТЕТІГІ

Мемлекет отбасы институтын қорғауды заң деңгейінде қамтамасыз етеді, соның ішінде отбасы қатынастарын реттейтін арнайы заңдар мен құқықтық шаралар қабылданады. Неке мен отбасы институтын қорғау үшін мемлекет құқықтық кепілдіктер ұсынады.



➔ 6

## КІРШІКСІЗ СЕЗІМНІҢ «ПЕЙІШІ»

Режиссер Әли Бидахмет пен драматург Қазыбек Аманжол кинотуындының сценарийін театр табиғатына икемдеп қана қоймай, оны ұлттық таныммен, қазақы болмыспен және бүгінгі қоғамның өзекті әлеуметтік мәселелерімен байыта түскен. Фильм прокатқа шыққаннан әр сеансы аншлаппен өтіп, миллиард касса жинаған еді.



➔ 8

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

### Күрметті отандастар!

Сіздерді күллі мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – дүние жүзіндегі миллиардтаған жанды рухани тазаруға, жақынына жанашыр әрі қамқор болуға үндейтін мезгіл.

Ораза азаматтарды шыдамдылық пен төзімділікке шақырып, халқымыздың бойына қарапайымдылық, жауапкершілік және адалдық сынды асыл қасиеттерді сіңіреді.

Оразаның рухани құндылықтарын қазір әлемде болып жатқан күрделі ахуалды ескере отырып, кемел санамен қабылдау, оның түпкі мағынасын дұрыс түсіну – үлкен имандылықтың белгісі.

Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістердің, түбегейлі жаңғырудың тарихи кезеңіне қадам басты. Жаңа халықтық Конституцияның жобасы республикалық референдумға шығарылды. Бұл өрлеу және әділеттілік даңғылына түскен мемлекетіміздің даму бағытын

айқындайтын негізгі заң болмақ. Бас құжат мыңдаған жыл тарихы бар мемлекеттілігімізді одан әрі нығайтуға, еліміздегі саяси, азаматтық, экономикалық институттардың тиімділігін арттыруға және адам құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіріп, күшейтуге жол ашады.

Біз дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтарымызды қастерлей отырып, Құқық пен Заң үстемдігі, Тәртіп пен Тазалық, Әділдік пен Отаншылдық сияқты мызғымас қағидаттарды терең түсінетін әрі мүлтіксіз сақтайтын ұлттың жаңа болмысын қалыптастырып жатырмыз. Мұның бәрі қасиетті Рамазан айының мәңгілік ұлағатымен толық үндеседі.

Білімге, тазалыққа және жақсылыққа бастайтын өркениетті қоғамда Рамазан айы жаңа рухани мәнге ие болып, барша жұртқа шапағатын тигізетіні сөзсіз.

Қасиетті Рамазан құтты болсын, мұсылман жамағаты!

## ИНВЕСТИОРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖҮГІ

Президенттің Жолдауына сәйкес, биыл «Жаңа инвестициялық кезең» басталды. Бұл кезекті қызықты термин емес, бұл – ескі сүрлеуден жаңа арнаға бұрылуды, Үкіметтің жұмысын жаңаша құруды, мемлекеттік менеджменттің ісін ширатуды талап ететін тарихи белес. Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа кезеңді абыроймен өткізу, барлық міндетке қол жеткізу үшін не істеу керектігін бүге-шігесіне дейін түсіндіріп берді. Сонымен бірге осы стратегиялық мақсатты жүзеге асыру әлемдегі күрделі кезеңге тұспа-тұс келгенін ескертті. Үкімет бұл ұлы мұрат үдесінен шыға ала ма?



### ЖАҢАНДЫҚ ДАУЫЛДАҒЫ ЖІГЕРЛІ ҚАДАМ

Бүгінгі әлемдік экономика – ертені бұлғынғыр, болжамы тұрақсыз құбылыс. Сарапшылардың аузынан «тоқырау» мен «төмендеу» деген үрейлі сөздер түспей тұр. АҚШ доллары-

ның әлсіреуі, халықаралық саудадағы шектеулер, тарифтік «соғыстар» дамушы елдерге бағытталған инвестицияның тамырына балта шаба жаздады. Көптеген ел ішкі нарығын қорғау шараларын күшейтіп, өзара шектеулер қою тәжірибесін кенінен қолданады. Осы күрделі жағдайда Қазақстан төл тарихында бұрын-

соңды болмаған жаңа даму моделін игеруге батыл қадам жасады. Президент мұндай үлгі тек инвестициялық саясатты жандандыру және бизнестің мүддесін сенімді қорғау арқылы ғана қалыптастыруға болатынын атап өтті.

(Жалғасы 4-бетте)

## ЖИНАҚТЫҢ АРТУЫ ЖАҚСЫ ҮРДІС ПЕ?



Экономикалық өсім тұрғысынан қарағанда, шешуші мәселе – осы қаражаттың қай бағытқа жұмсалатыны. Егер жинақтар өндірістік жобаларға, инфрақұрылымға және бизнесті кеңейтуге бағытталса, онда олар экономиканың сапалы және ұзақмерзімді өсуіне негіз болады. Ал қаражат негізінен тұтынушылық несиелеуге немесе қаржылық құралдарға жұмсалса, оның әсері ішкі сұранысты қысқа мерзімде қолдаумен шектеледі.

➔ 4

## ГАЗ ӨНДІРІСІ:

### ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН ҚҰННЫҢ ТАРАЗЫСЫ

2023 жылы Қазақстанда газбен қамту деңгейі 60 пайызды құраса, табиғи газға 12 млн адам қол жеткізе алған. Ал 2024 жылы газ өндіру 59,0 млрд текше метр болып, елді газдандыру деңгейі 62 пайызға өсті. Былтыр 62,8 млрд текше метр газ өндірілген. Ел аумағы арқылы газ транзитінің көлемі 64,5 млрд текше метрге жетті. Сонымен бірге ел тұрғындарының 64,2 пайызы газбен қамтамасыз етілгені жарияланды. Енді 2030 жылға дейін 90 млрд текше метр көгілдір отын өндіру жоспары тұр.



➔ 5

19 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

# КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ТҮРКІСТАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Түркістан облысының тұрғындарымен жаңа Конституцияның негізгі ерекшеліктерін талқылады. Түрлі алаңдарда өткен кездесулерге зиялы қауым мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері, еңбек ұжымдары, кәсіпкерлер мен жастар қатысты.

Түркістандағы Конгресс-холл ғимаратында ұйымдастырылған кездесуге мыңнан астам адам қатысты. Ашық әрі мазмұнды әңгіме барысында қатысушылар өз пікірлерін еркін бөлісіп, көкейлеріндегі сауалдарын қойды. Жұртшылық Ата Заңның ел болашағы үшін маңызы, тарихи дәстүрлер сабақтастығы, қоғамның топтасуы мен елдің дамуындағы рухани құндылықтардың алатын орны туралы айтты.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов ғасырлар бойы қазақ халқының мемлекеттілігі мен мәдени коды қалыптасқан кастерлі мекен – Түркістанда кездесудің символдық мәні бар екенін ерекше атап өтті. Ол дәл осы жерде жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі тарихи миссияның маңыздылығы ерекше сезілетініне тоқталды.

– Жаңа Конституция дер кезінде, дәл уақытында әзірленді деп санаймын. Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда, қырғи-қабақ қатынастар белең алып тұрған кезеңде бұл – сын-қатердің бәрине уақытылы берілген жауап. Мемлекет басшысының стратегиялық қадамы. Бұл қадам ел тәуелсіздігі мен тұтастығын нығайтуға, ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Олар ешқашан өзгермейтін мәңгілік, мызғымас конституциялық құндылықтар ретінде қарастырылып отыр, – деді Е.Қошанов.

Коалиция мүшесі Жаксыбек Құлекеев жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңыздылығына назар аударды. Ол Ата Заң жобасы «Қасқа жол» мен «Ескі жолдың» және «Жеті жарғының» дәстүрлерін жалғай отырып, қазақ мемлекеттілігінің мыңжылдық тарихи сабақтастығына арқа сүйейтінін айтты. Жаксыбек Құлекеев атап өткендей, Конституцияның жанаруы – уақыт талабы, ол елдің болашақ тұрақты дамуының кепілі болуға тиіс.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек әлемнің көптеген елінде демографиялық



проблемалар, құндылықтар дағдарысы туындап отырғанына тоқталды. Ол бүгінде жастар тәрбиесінде цифрлы платформалардың ықпалы артып келе жатқандықтан, Ата Заңымызда адам капиталын қалыптастыруға, ғылым мен инновацияны дамытуға және отбасы қолдау көрсетуге ерекше орын берілетініне мән берді.

Мәжіліс депутаты Қайрат Балабаев 2023 жылы Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтай отырысының «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналғанына тоқталды. Осы адал еңбек, адамгершілік құндылықтары және патриотизм қағидалары бүгінгі жаңа Конституция жобасына еніп отыр.

«Дара Ұрпақ» қоғамдық қорының директоры Рухабза Қалдарбек Конституция жобасындағы ата-ананың жауапкершілігі туралы нормаға назар аударды. Ол кейде балалардың жауапсыздығының артында жауапсыз ата-аналар тұратынына тоқталды. Конституция арқылы балаға қамқорлық жасау мен тәрбие беруді ата-ананың міндеті ретінде бекіту – балаларды қорғаудың маңызды кепілі болып, көптеген әлеуметтік проблеманың алдын алуға көмектесетінін айтты.

Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Заң факультетінің деканы Әлия

Қасымбек жаңа Конституция жобасының адам мен азаматты қорғауға арналған құқықтық кепілдіктерді күшейтетінін атап өтті. Ол заңның кері күшін қолдануға болмайтыны туралы нормаға, мемлекеттің азамат үшін жауапты болып, оған келтірілген зиянды өтеуге міндетті екені жайлы баптарға ерекше мән берді. Бұл шаралар қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтады деген пікір білдірді.

Кәсіпкер Ербол Көкенов жаңа Конституция жобасымен мұқият танысып, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауға бағытталған нормаларды ерекше қолдағанын айтты. Ол Түркістан қаласында ашылған инклюзивтік театрды, онда мүгедектігі бар балалар үлкен сахнада өнер көрсете алғанын мысалға келтірді. Сонымен қатар Ата Заңда бекітілген тен мүмкіндіктер кепілдіктері нағыз әділ әрі адамгершілікке негізделген қоғам құруға ықпал ететініне сенім білдірді.

Одан әрі коалиция мүшелері этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен дөңгелек үстелге қатысты. Түркістан облысы еліміздегі ең көпұлтты өңірлердің бірі, мұнда 50 этнос өкілдері тұрады. Сондықтан жергілікті тұрғындар тыныштық пен татулықты ерекше бағалайды. Коалиция мүшелері жаңа Кон-

ституцияда біртұтас Қазақстан халқы ұғымы қамтылғанын, ол этникалық тегіне қарамай, барлық азаматтың құқығын қорғауға бағытталғанын атап өтті. Бұл – елімізде этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған үлкен қадам. Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов Ассамблеяның рөлін трансформациялап, Халық Кеңесін құру – азаматтардың мемлекеттік істерге араласуын кеңейтетін, қоғамдық келісімді нығайтуға үлес қосатын маңызды жүйелі шешім екенін атап өтті.

Сондай-ақ коалиция мүшелері Локомотив депосының теміржолшыларымен кездесті. Әңгіме тұрақты жұмыс, қауіпсіздік және еңбек аламына деген құрметтің мән-маңызына арналды. Осындай мамандар күн сайын экономиканың негізгі салаларының толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ал жаңа Конституция мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағдарын күшейтіп, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауға қатысты негізгі кепілдіктерді бекітеді.

Содан кейін делегация мүшелері «Шаға» индустриялық паркінің жұмысымен танысты. Кәсіпорындар алаңында жұмысшылармен және мамандармен кездесу өтіп, өнеркәсіптің дамуы, кәсіпкерлік және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері талқыланды. Ата Заңға өндіріс пен экономикалық өсім үшін қолайлы, айқын әрі тұрақты нормалар енгізілгені айтылды.

Осы күні коалиция мүшелері Шаға ауылының халқымен де жүздесті. Әңгіме барысында тұрғындар алдағы референдум туралы пікірлерімен бөлісіп, ауылды дамыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелерін көтерді. Олар жаңа Ата Заң балаларының және аймақтың болашағы үшін сенімді тірек болатынына сенім білдірді.

Кездесулерде Түркістан облысының тұрғындары жаңа Конституция заман талаптарына сай әзірленгенін, ол қоғамның әділдікке, тәртіпке және тұрақтылыққа ұмтылысын көрсететінін атап өтті. Әрбір қатысушы 15 наурызда референдумға қатысып, жаңа Ата Заңды қолдауға ниетті екенін білдірді.

Еске сала кетейік, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясы 12 ақпанда құрылды. Оның құрамына 5 саяси партия мен шамамен 300-ге тарта қоғамдық ұйым кірді. Олар шамамен 2 миллион қазақстандықты біріктіреді.

**Жалпыұлттық коалициясының баспасөз қызметі**  
**Фото: Әлі Ғалым**  
**Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС**  
**Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов**  
**«AMANAT» Партиясы» ҚБ қаражатынан төленді**

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**15 НАУРЫЗ**  
**РЕФЕРЕНДУМ**

**2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді. Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидастарына сай өтеді.**

**Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

[www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

## ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономиканы өртарапандыру жөніндегі одан арғы тәсілдер қаралды.

Өнімділікті арттырудың негізгі тәсілдері және өнеркәсіп нысандарын технологиялық жаратандыру туралы Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, «Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, KazFoodProducts компаниясының бас директоры Әлихан Талғатбек, шыны өндіретін OndaGlass компаниясының өкілі Ғалымжан Қуатов баяндады.

«Мемлекет басшысы біздің алдымызға өнімділікті арттыру және технологиялық жанару есебінен өсімді қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл экономикалық саясатты түпкі нәтижеге, яғни халықтың табысын ұлғайту және экономикалық дербестікті нығайтуға қарай бағыттауға мүмкіндік береді. Дәл осы тұста өңдеу саласын өртарапандыру және оны белсенді дамыту маңызды рөл атқарады», – деп атап өтті Премьер-министр.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыру және өңдеу өнеркәсібін дамыту қажеттігін атап көрсетті. Жалпы ішкі өнім құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі кен өндіруші сектордан асып түсті. Биыл өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 4,4%-ға артты. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама жоғары көрсеткіш (2025 жылдың қаңтар айында – 3,7%).

Премьер-министр осы қарқынды сақтап қана қоймай, одан әрі еселей түсу керектігін атап өтті. Жаңа кластерлерді құру өнімді жоғары деңгейде өңдеу жүйесіне көшуге мүмкіндік береді. Экономиканы өртарапандыру және өсім жоспарларын орындау үшін өндірістік қуаттарды арттырып, шикізаттық емес секторда терең өңдеуді дамытатын нақты іс-шаралар қажет.

Осыған байланысты Олжас Бектенов жауапты мемлекеттік органдарға ең перспективті бағыттарды айқындап, мол өнім беретін әрі экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды тапсырды. Аталған шаралар сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан, экономиканың тұрақтылығын күшейтіп, экспорттық әлеуетті арттырады. Сондай-ақ жаңа

жұмыс орындарын құруға және ұзақмерзімді ұлттық мүдделерге сай келетін заманауи индустриялық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы нақты өндірісті қолдау, инвесторларды тарту және озық цифрлық технологияларды іске қосу бағытында шаралар қабылдау қажеттігін айтқанын атап өтті.

Өнеркәсіп министрлігіне өңдеу өнеркәсібінің құрылымын өзгерту тапсырылды. Кейбір бағыттар бойынша әлі де болса төмен деңгейде өңделген өнімдердің үлесі басым. Яғни, бұл қосылған құнның негізгі бөлігі экономикамыздың аясынан тыс қалыптасып жатқанын білдіреді.

Премьер-министр жоғары деңгейде өңделген әрі технологиялық жағынан озық өнімдер шығару ісін жолға қоюды тапсырды. Бұл орайда жинақтаушы бөлшектер шығару, локализация деңгейін арттыру, заманауи технологияларды қолдану, өндірісті автоматтандыру мен еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне баса назар аудару керек.

Сонымен қатар Өнеркәсіп, Энергетика, Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері мен «Бәйтерек» холдингіне бір ай мерзімде қайта өңдеу саласында қосылған құны және экспорттық әлеуеті жоғары өнімдер шығаратын жаңа өнеркәсіптік жобалардың нақты тізбесін ұсыну тапсырылды.

Іске қосылатын әрі жоба өз алдына бөлек емес, экономикаға мультипликативті әсері тұрғысынан кешенді түрде қарастырылуға тиіс. Салалық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер перспективті инвестициялық жобаларды қажетті инфрақұрылыммен, ресурстармен, мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етуі керек.

Kazakh Invest компаниясына мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен, «Самұрық-Қазына» қорымен және «Бәйтерек» холдингімен бірге осы жылдың 1-ші сәуіріне дейін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада жобалардың өзекті пулын қалыптастыру тапсырылды.

Бұл қолданыстағы жобаларға қолдау шараларын көрсету барысында жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, қабылданған шаралар кешені шикізат экспорттына тәуелділікті төмендетуге ықпал етеді деп күтілуде, ал өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру экономиканың ұзақмерзімді орнықты дамуы үшін негіз болады.

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы мүшелерінің өңірлерге сапары жалғасуда. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған делегация Шымкент қаласының тұрғындарымен бірқатар кездесу өткізді. Ғалымдар, еңбек ұжымдары, мәдениет және спорт салаларының өкілдері, коммуналдық сала қызметкерлері Ата Заң жобасының негізгі ережелерін және оның Қазақстан болашағы үшін маңызын талқылады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ғылыми қауымдастықпен, оқытушылармен және студенттермен кездесу өтті. Оған 300-ден астам адам қатысты. Өз сөзінде Ерлан Қошанов ұлттың зияткерлік іргетасын қалыптастыратын университет қабырғасындағы ортаның айрықша рөлін атап өтіп, дәл осы орта жаңа Конституцияның новеллаларын түсіндіру жұмысына белсенді араласуға тиіс екенін мәлімдеді.

«Біз биік мұратқа бастаған, ұлы мақсаттарға бет алған ұлтпыз. Алдымызда ауқымды, іргелі істер күтіп тұр. Біз тек әділеттік салтанат құрғанда ғана биік белесті бағындырамыз. Заң мен тәртіп үстемдік құрғанда ғана дегенімізге жетеміз. Жастарымыз білім мен ғылымның, инновация мен технологияның тілін толық игерсе ғана озық елге айналамыз. Оған мыңжылдық тарихымызбен, төл мәдениетімізбен жетеміз. Осының бәрі жаңа Конституцияда тайға таңба баяндай көрініс тауып отыр», — деді ол.

Мәжіліс Спикері жаңа Конституциядағы білімнің, ғылымның, инновацияның және технологиялардың басымдығы туралы нормалар ғалымдарға, ұстаздарға және жастарға көрсетілген тікелей қолдау екенін атап өтті. Олар жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл — зияткер ұлт қалыптастыру бағытында жасалған маңызды қадам. Солай бола тұра, Конституцияның қабылдануы — бұл бастамасы ғана. Алдағы уақытта тиісті заңдар қабылданып, қажетті ресурстар мен қаржы бөлінеді.

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова жаңа Конституцияда



Ұлы даланың мыңжылдық тарихының мәдени коды бар екенін айтты. Оның айтуынша, жаңа Конституциядағы білімнің, ғылымның және инновацияның құндылықтары туралы нормалар осы салаларды бюджеттен қаржыландыруды негізсіз қысқартудан қорғайды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек конституциялық өзгерістер университеттер мен зерттеу ортасы үшін мемлекеттік саясаттың жаңа басымдықтарын қалыптастыруға жол ашатынын жеткізді. Оның айтуынша, жаңа Конституциядағы ғылымның рөлі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізіне айналады.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің проректоры Баршагүл Исабек кез келген қуатты мемлекеттің тағдыры оның заңдарымен, тарихи сабақтастығымен және халықтың асқар рухымен айқындалатынын атап өтті. Ол жаңа Конституция преамбуласындағы Ұлы даланың мыңжылдық тарихының сабақ-

тастығын сақтау туралы нормалар ата-баба аманатына адалдықты білдіретінін және Қасым ханның «Қасқа жолынан», Есім ханның «Ескі жолынан», Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» бастау алатын дала демократиясы дәстүрінің жалғасы екенін айтты. Құжат еліміздің ұнитарлық сипатын және шекарасының тұтастығын бекітеді.

Auezov University саясаттану кафедрасының меңгерушісі Ардақ Монтаев парламенттік реформа мәселесіне тоқталып, халықаралық тәжірибеге назар аударды. Оның деректеріне сәйкес, әлемдегі 190 мемлекеттің 110-ында бір палаталы парламент бар. Ол заңдарды жедел қабылдауға және басы артық бюрократияға ресурс жұмсауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, заң шығарушы билік анағұрлым ашық әрі тиімді бола түседі.

Бұдан соң коалиция мүшелері «Еңбекші» коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлерімен кездесті. Коммуналдық шаруашылық саласының мамандары тұрақты жұмыспен

камтудың, еңбек қауіпсіздігінің және әлеуметтік тұрғыда қорғаудың маңызына тоқталды. Жаңа Конституцияда еңбек адамына деген құрмет қоғам дамуының маңызды қағидаты ретінде бекітілгені атап өтілді.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС мұнай өңдеу зауытында өткен кездесуде заң мен тәртіп, әділдік пен жауапкершілік сынды құндылықтарға назар аударылды. Кәсіпорын қызметкерлері адамдардың еңбек етуге деген құқығын қорғауға, әділ жалақы төленуіне және қауіпсіз еңбек жағдайы қамтамасыз етілуіне бағытталған конституциялық нормалардың маңызын атап өтті. Экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Олар жаңа Конституция жобасында мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімге негізделген басым бағыттары ретінде бекітілуде.

Шымкент жастар театры алаңында мәдениет саласының қызметкерлерімен

мазмұнды пікірталас өрбіді. Коалиция мүшелері әртістер мен шығармашылық мамандық өкілдерінің Конституцияның нақты нормаларына қатысты қойған сұрақтарына жауап берді. Әңгімелесу барысында мәдениет қайраткерлері Ата Заңның преамбуласында мәдениеттің, білімнің және рухани құндылықтардың маңызы айқындалғанын атап өтті. Тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық мәдениетке қолдау көрсету, зияткерлік меншікті қорғау және көркем шығармашылық еркіндігін қамтамасыз ету нормалары алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілуде. Кездесуге қатысушылар аталған новеллалар еліміздегі мәдениет саласының дамуына тың серпін береріне сенім білдірді.

Осы күні коалиция мүшелері спортшылармен және жаттықтырушылармен де кездесті. Спортшылар қауымының өкілдері жаңа Конституцияда әрбір спортшының жанына жақын адал бәсекелестік, еңбекке және нәтижеге құрмет сынды кастерлі құндылықтар көрініс тапқанын айтты. Жаттықтырушылар түсіндіру жұмысына белсенді атсалысып, жастардың заңға және азаматтық жауапкершілікке деген құрметін қалыптастыруға дайын екенін жеткізді.

Кездесулер қорытындысында Шымкент қаласының тұрғындары жаңа Конституция жобасы қоғам сұранысына жауап беретінін, мемлекеттің құқықтық негізін нығайтып, азаматтардың өзін дамытуына қажет жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті. Іс-шараларға қатысушылар 15 наурызда референдумға келіп, Қуатты, Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құруға бағытталған жаңа Ата Заңды қолдауға дайын екенін білдірді.

Еске сала кетейік, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы биыл 13 ақпанда құрылды. Оның құрамына 5 саяси партия мен шамамен 300 қоғамдық ұйым кірді. Олар 5 миллионға жуық қазақстандық азаматты біріктіруде.

**Жалпыұлттық Коалициясының баспасөз қызметі**

**Фото: Әлі Ғалым**  
**Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС**  
**Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов**  
**«AMANAT» Партиясы» ҚБ қаражатынан төленді**

## МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБАНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалиция мүшелері Шымкент қаласының Абай ауданындағы бірқатар нысанды аралап, тұрғындармен ашық диалог өткізді.



Жұмысы топ құрамында Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабек, «Ауыл» партиясы атынан Қаракат Әбден, «AMANAT» партиясы Абай аудандық филиалының төрағасы Нұрғазы Бұхарбай, атқарушы хатшы Әбдел Рахманұлы, «Ақ жол» партиясы атынан Адай Кенжебекұлы, мәслихат депутаттары — Ерғали Білісбеков, Талғат Ысхахов, Нұрсұлтан Балабиев, аралас жекпе-жек шебері Арман Оспанов, заңгер Гузаль Абдурахманова, БПҰ төрайымы Айнұр Бимырзаева болды.

Алғашқы кездесу «Ізетті зейнеткер» орталығында өтті. Коалиция мүшелері ардагерлермен жүздесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен қоғамға әкелетін өзгерістері жөнінде кенінен түсіндірді. Ардагерлер өздерін толғандырған сауалдарын қойып, адам құқықтары, әлеуметтік қорғау және қоғамдық әділеттілік мәселелерін талқылады.

Одан кейін делегация №6 емхана ұжымымен кездесті. Жиынға 50-ге жуық медицина қызметкері қатысып, Ата Заңның жаңа жобасына қатысты пікірлерін білдіріп, құқық қорғау, әлеуметтік кепілдіктер

мен жергілікті басқару жүйесіне байланысты сұрақтарына нақты жауап алды.

Кайнарбұлақ тұрғын алабында өткен кездесуде де белсенді талқылау мен пікір алмасу болды. Жергілікті тұрғындар Конституциядағы жаңа нормалар мен өзгерістер жөнінде өз ойларын ашық айтып, алдағы референдумға қатысуға ниетті екенін жеткізді.

Сондай-ақ ALSERA KZ жылыжай кешенінде 200-ге жуық қызметкер қатысқан жиында Конституция жобасының ерекшеліктері жан-жақты талқыланды. Коалиция мүшелері 15 наурызда өтетін референдумның тарихи маңызына тоқталып, әрбір азаматтың белсенді ұстанымы маңызды екенін атап өтті.

Басқосуларда жаңа Конституция жобасының қоғам сұранысына негізделгені, адам құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға бағытталғаны айтылды. Қатысушылардың сауалдарына нақты жауап беріліп, ұсыныстары назарға алынды. Жалпы, Абай ауданында өткен бұл кездесулер тұрғындардың жаңа Конституция жобасын жан-жақты түсінуіне, өз пікірін білдіруіне мүмкіндік берді.



## ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ ӨТКІЗДІ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Шымкент қаласының Еңбекші ауданында бірқатар нысанды аралап, еңбек ұжымдары және студент жастармен кездесті. Олар Ата Заңға енгізіліп отырған негізгі өзгерістер мен оның қоғам үшін маңызын кеңінен түсіндірді.

Делегация құрамында қалалық мәслихат депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұратәлі Қалмұратов пен Альбина Елшіева, «AMANAT» партиясы қалалық филиалы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының төрағасы Гүлайым Шунғараева, партияның Еңбекші аудандық филиалының төрағасы Таймас Камбатыров, партия ардагері Құрманбек Жаркынбек, сондай-ақ Қазақстан Халық партиясының қалалық филиалының төрағасы Бақтияр Жандарбеков болды.

Іссапар Жедел жәрдем стансасындағы кездесуден басталды. Қалалық мәслихат депутаты Мұратәлі Қалмұратов жаңа Конституция жобасындағы өзгерістерге тоқталды.

«Дамыған елдердің тәжірибесінде Конституцияның 50 пайыздан астамы өзгерсе, ол жаңа Ата Заң ретінде қабылданады. Ал бізде өзгерістер көлемі 84 пайызды құрап отыр. Демек, біз де жаңа Конституция қабылдап, тарихи кезеңге қадам басқалы отырмыз. Азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты баптар азаматтық қоғам құруға нақты мүмкіндік береді», — деді қалалық мәслихат депутаты Мұратәлі Қалмұратов.

Қазақстан Халық партиясы қалалық филиалының төрағасы Бақтияр Жандарбеков Конституция жобасының бүгінгі уақыт талабына сай әзірленгенін атап өтті.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған Конституция еліміздің бірлігін сақтауға үлкен үлес қосты. Алайда уақыт өзгерген сайын заң да жанарып отыруы тиіс. Соңғы 30 жылда Қазақстан түбегейлі өзгерді, жаңа ұғымдар мен құндылықтар қалыптасты. Сол өзгерістерді құқықтық тұрғыда реттеу үшін жаңа Конституция қажет», — деді ол.

Ал Гүлайым Шунғараева бұл реформаның ұзақ жылдар бойы жинақталған тәжірибеге негізделгенін жеткізді. Ол жаңа Конституция жобасының қарапайым әрі түсінікті тілде жазылғанын, сондай-ақ бір палаталы заң шығарушы органға қошу ұсынысы заңнамалық үдерістің тиімділігін арттыруға бағытталғанын айтты. Сарапшылардың пікірінше, бұл шешім заңдарды сапалы әрі жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Іссапар аясында коалиция мүшелері BalabiTextile және «Назартекстиль» кәсіпорындарының ұжымдарымен, сондай-ақ Түркістан индустриалды-құрылыс колледжінің оқытушыларымен кездесіп, Конституция жобасының негізгі бағыттарын түсіндірді. Кездесу барысында қатысушылар сауалдарын қойып, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Жалпы, жұмыс сапары аясында өткен барлық кездесу ашық диалог форматында ұйымдастырылып, жаңа Ата Заң жобасының мазмұны мен маңызы жан-жақты талқыланды.

## НАРЫҚ

19 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ИНВЕСТИОРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ –  
ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖҮГІ

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

— Біз жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз керек. Бұл — стратегиялық маңызы бар міндет. Елдегі инвестициялық ахуалды жақсы деуге болады. 2022 жылдан бері жинақталған тікелей инвестиция көлемі 84 миллиард доллардан асты. Негізгі капиталға салынған инвестиция шамамен 50%-ға артты. Бірақ былтыр елімізге тартылған тікелей инвестицияның көлемі өссе де, оның қарқыны әлі де баяу болып тұр, — деді Қ.Токаев.

Неге? Инвестор келеді, бірақ оны қағазбастылықтың «қалың орманы» күтіп алады. Бір міндетке бірнеше органның таласуы, шешім қабылдаудың сөзбұйдағы салынуы сапалы капиталдың сырт айналуына сеп. Қазіргі кезде негізгі капиталға салынған инвестицияның 70%-ға жуығы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Өйткенмен, мемлекеттің шығыны да қомақты.

Мемлекет басшысы Үкіметке жаңа әрі сапалы инвестиция тартуға арналған біртұтас Стратегия әзірлеуді жүктелді. Онда жоғары технологиялы заманауи өндірістер ашуға басымдық берілме. Жеке бизнес айрықша рөлге ие болады. Осы мақсатта «Бәйтерек» инвестициялық холдингі ретінде қайта құрылды.

«Самұрық-Қазына» қорына ұқсас талап қойылады. Айтпақшы, өткен аптада «Самұрық-Қазына» қорының және бірқатар ұлттық компанияның басшылары Мемлекет басшысының қатаң сынына ұшырады. Қ.Токаев компанияларының құрылымын түбегейлі қайта қарап, жаңа заманға бейімдеуге міндеттеді. Президент сынының нысанасына не ілікті? Қор тобында қосылдан басы көп. Басшылық құрамы ығай мен сығайдың туыс-туған, дос-жаранына толып кеткен. Президент олардың жұмысқа көміліп жатпанына, жауапкершілік төмендігіне назар аударды. Салдарынан, олар кейде не істерін білмей, әлеуметтік желіде өзіне қатысы жоқ тақырыптарда әркімнен пікір таластырады. Мұндай адамдар «жаңа кезеңді түбі жақсылыққа апармайды». Ендеше, қор басшылық құрамын тазалап алғаны абзал.

«Самұрық-Қазына» басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповтың айтуынша, қорға 2026–2030 жылдар аралығында 27 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тарту міндеті қойылды. Қор цифрландырылып, 5 жыл ішінде жиынтық өсері 1,3 млрд доллар болатын ЖИ жобаларын енгізуге тиіс. Қордың құрылымы одан әрі трансформацияланады. Қажет деп танылса, жекелеген компания біріктіріледі.

ИНВЕСТИОР ЖОҒАРЫДАН  
КОРҒАН ТАПТЫ

Президенттің пайымдауынша, даму институттары бизнеспен және қаржы секторымен бақталаспай, тиімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Елде инвестор қызығушылығын оятар сала көп. Оны дамыту үшін мемлекет пен бизнестің сындарлы ынтымақтастығы қажет. Әсіресе, сирек жер металдар, мұнай-газ химиясы,



Елшар КАБА (қолтаңба)

цифрлық инфрақұрылым, жанарғылатын энергия көздері, көлік және агроөндіріс салаларына баса мән берген жөн.

Биылғы тағы бір бастама-бетбұрыс: «жаңа кезеңді» жүзеге асыру үшін Президенттің тек инвестиция тартумен және инвесторлар мәселесімен айналысатын арнайы көмекшісі тағайындалды. Қ.Токаев «шетелдік, отандық инвесторлардың сұрақтары, арыз-шағымдары болса, тікелей Мұрат Нұртілеуеге Focal point (фокус нүктесі) ретінде шағымдануға болатынын» жариялады. Ал халықаралық қаржы институттарымен Президент кеңесшісі Әсет Ерғалиев байланыста. Бұл — инвестордың мұң-мұқтажы тікелей Ақорданың бақылауында болады деген сөз.

Әзірге елдің басты инвестор тартушысы, «магниті» Мемлекет басшысының өзі болып тұр. Оның шетелге сапарлары және инвесторлармен кездесулері барысында қол жеткізілген коммерциялық келісімдердің жалпы құны 2025 жылы шамамен 75 миллиард долларды құрады. Енді осы келісімдердің орындалуына Үкімет пен әкімдер баса мән беруге тиіс.

ЕЛДІҢ ҚУТЫН  
ЭЛЕКТР ҚУАТЫ АРТТЫРАДЫ

Инвестициялық ахуалға кері әсер ететін кедергі жетерлік. Салық кодексындағы өзгерістерді іске асырудағы олқылықтар, келен жүйесін цифрландырудың баяулығы, Ұлттық тауарлар каталогы мен Отандық тауар өндірушілері тізілімін енгізудегі асығыстық бизнес қауымдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Әрбір тауарды цифрлық танбалау жүйесін енгізу де кәсіпкерлер мен инвесторлардың көңіл-толмастығын туғызды.

Жаңа инвестициялық кезеңді жүзеге асыруға тағы бір тосқауыл — қуат тап-

шылығы. Инвестор келер, зауытын салар, алайда оған қажетті электр энергиясы болмаса, адымы алысқа ұзамай, кәсіпорны жабылып тынбақ. Еліміз электр энергиясының ішкі тапшылығын жою үшін оны жыл сайын импорттауға мәжбүр. Былтыр 3,7 миллиард киловатт-сағат энергияны сырттан сатып алды. Қуат көздері мен электр желілерінің әбден ескіруі бұл саладағы ахуалды ұшықтырып тұр.

Соңғы 3 жылда «Тарифті инвестицияға айырбастау» саясаты аясында тұтынушыларға тарифтер көтеріліп, энергетика саласына 1 триллион теңгеден астам қаржы тартылды. Соның ішінен жаңа қуат көздерін іске қосуға небәрі 140 миллиард теңге бөлінді. Қуат энергияның ұзақ уақыт бойғы жұмысын қамтамасыз етуге жетпейді. Электр қуаты тапшы болса, ел ойдағыдай дами алмайды. Үкіметтің кеңейтілген жиынында Президент айтқандай, энергетика министрлігінің бұрынғы басшылары тек мұнаймен шұғылданған да, электр қуаты өндірісі екінші қатарға сырғыған. Жаңа кезеңде бұл олқылық тез арада түзетілуі тиіс.

Қазір Қазақстанда 123 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы өндіріледі. Бұл еліміз үшін мүлде жеткіліксіз. Үкімет 2029 жылдың соңына дейін 13,3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосуды жоспарлап қойды. Оның 5,9 гигабаты жанарғылатын қуат көздерінен алынбақ. Сондай-ақ Үкімет келесі жылы электр қуатына деген сұранысты толық өтеуді көздеп отыр. Тіпті 1,3 миллиард киловатт-сағат қуатты артық өндіре аламыз деген болжам бар. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін міндеттеменің бәрі уақытылы орындалып, жеткілікті қаражат бөлінуге тиіс.

Сонымен қатар қуат көздерін іске қосу мерзімін қайта-қайта кейінге қалдыру

әдетке айналды. Мысалы, Алматыдағы 2-ші және 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту мерзімі бірнеше рет шегерілді. Жұмыс әлі күнге жүргізіліп жатыр. Үкімет жоспарланған қуат көздерінің толық іске қосылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Энергетика министрлігінің дерегіне, 2026 жылы 2,6 гигаватт көлемінде дәстүрлі

және жанарғылатын энергия көздері іске қосылады. Бұл 2027 жылдың I тоқсанында энергия тапшылығын жоюға мүмкіндік береді. Бүгінде елде қуат тұтынушыларына жететін сағаттарда электр тапшылығы туындайды, ол импорт есебінен өтеледі. Былтыр тапшылық 29% қысқарғанымен, әлі де орасан көлемде қалып отыр.

Тұтастай алғанда, 2029 жылға қарай электр энергиясын өндіру көлемі 39 миллиард киловатт-сағатқа ұлғаяды. Энергетикалық егемендікті қамтамасыз ету және қуат тапшылығының өсуін еңсеру үшін Үкімет 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу бойынша кешенді жұмысқа кірісті. Оның ішінде атом станцияларын салуға және «таза» көмір генерациясын дамытуға айрықша мән беріліп отыр.

Жалпы алғанда, 2025 жылғы 9 ай қорытындысында тікелей шетелдік инвестиция 1,5 миллиард долларға немесе 10,9%-ға өсіп, 14,9 миллиард долларды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 13%-ға өсіп, 22,7 трлн теңгеге жетті. Оның ішінде мемлекеттік инвестициялар 800 млрд теңгеге артып, 5 триллион теңге болды. Жеке инвестициялар 2,4 триллион теңгеге өсіп, 17,7 триллион теңгеге жуықтады.

Вице-премьер — Ұлттық экономика министрі С. Жұманғариннің айтуынша, 2026 жылы негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемін 31,5 трлн теңгеге жеткізу, тікелей шетелдік инвестициялар ағынын 25,5 миллиард доллар деңгейінде қамтамасыз ету межеленіп отыр.

2025 жылы 200-ден астам жаңа өнеркәсіп нысаны пайдалануға берілді, тағы сонша нысанның құрылысы аяқталу кезінде. Инвестор тарту жүйесі жетіл-

діріліп жатыр. Біріншіден, жобалар бастамадан бастап құрылыс толық аяқталғанға дейін «жасыл дәліз» қағидада бойынша сүйемелденеді. Екіншіден, Мемлекет басшысының Жарлығымен инвестициялық оңалдыру функциялары Бас прокурорға жүктелді. Инвестициялық прокурорлар өңірлерде өз жұмысын бастап кетті.

Әкімшілік қысымды төмендетудің негізгі құралы — «прокурорлық сүзгі» тетігі. Оның аясында меморгандардың 27 мың шешімі зерделеніп, 1 мыңнан аса негізсіз бастама кері қайтарылды. 500-ге жуық әкімшілік іс жүргізу тоқтатылды. 400 заңсыз тексеру күші жойылды, өзге 200 шектеу шарасына жол берілмеді. Бұл шаралар инвесторлардың қатысуымен болатын сот дауларының 30%-ға, әкімшілік құқықбұзушылық істерінің 10%-ға, қылмыстық істердің 2 есеге қысқаруына ықпал етті.

Инвестиция тартудың сыртқы бағытын күшейту үшін «инвестициялық әлеуеті жоғары елдерде» — Германия, АҚШ, Қытай, Катар, Түркия, Малайзия, РФ-та Kazakh Invest өкілдіктері ашылады. Олар бұрын болған: оңтайландыру аясында жабылды және инвестор тарту Қазақстанның шетелдегі дипломатияларына жүктелген еді.

Осы аптада Премьер-министр Олжас Бектенов Kazakh Invest ұлттық компаниясы мен өңір әкімдіктерінің қызметін сынға алды. Өйткені олар жұмысты тиісінше ұйымдастырмағаны былай тұрсын, орталық мақұлданып қойылған жобаларды іске асыруға кедергі келтірген. Мәселен, өңірлерге «іске асыр!» деп жолданған 25 дайын жобаның тек үшеуінде белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Үкімет басшысы меморгандарға қалған инвестжобалар бойынша барлық қажетті шешімді шұғыл қабылдауды тапсырды. Ал инвесторлар қызметіне кедергі келтіру фактілері бойынша барлық материал Бас прокуратураға жолданды.

Жаңа кезеңді жүзеге асыру үшін мемлекеттік аппараттың инвестиция тарту және жаңа жобалар портфельін қалыптастыру тәсілдері өзгертілді. «Бәйтерек» холдингі маңызды жобаларды жүзеге асыруға мүдделі ірі инвесторларды проактивті түрде іздеуге кірісті. Үкімет инвесторларды нысаналы түрде тартуды (таргеттеуді), алдын ала пысықталған әрі келісілген ұсыныстар пакеті түріндегі «инвестицияға тапсырысты» қалыптастыруды көздейтін проактивті модельге көшеді.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров «инвесторларды таргеттеудегі» жетістіктерге нақты мысал келтірді. Арасында: CHN Corporation-нің Қарағандыдағы құны 4 млрд доллар болатын көмір-химия кешені, Rosca Group-тың Қызылорда облысындағы санитарлық-техникалық бұйымдар мен ванна бөлмесіне арналған жиһаз шығаратын зауыты, Fufeng Group-тың Жамбыл облысындағы құны 800 млн доллар тұратын жүгерінің терең өңдеу зауыты, UBM Group-тың Қостанай және Алматы облыстарындағы құрама жем зауыттары, Shandong Yuwang Industrial-дың сояны терең өңдеу жобасы бар.

Қазақстан IMD-дің «Жаһандық инвестициялық бәсекеге қабілеттілік» рейтингінде 69 ел ішінде 34-орында, яғни бір жылда 1 сатыға жоғарылады. Алда атқарылар жұмыс ауқымы әлі де зор. Бұдан былай инвестор құқығын қорғау және қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру — барлық мемлекеттік органның ортақ міндеті.



Қазақстанның банк жүйесінде депозиттердің мөлшері өсіп келеді. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша, жалпы жинақ 16,3%-ға өсіп, 48 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде ұлттық валютадағы салымдар 18,3%-ға артып, 37,9 трлн теңгеге, шетел валютасындағы депозиттер 9,2%-ға өсіп, 10,1 трлн теңгеге барды. Сондай-ақ депозит құрылымында жеке тұлғалардың салымдары 26,2 трлн теңгеге (15,8%), ал заңды тұлғалардың қаражаты 21,8 трлн теңгеге (16,8%) дейін ұлғайды. Бұл халықтың банк жүйесіне деген сенімін және қаржы институттарының ресурстық базасының нығайғанын көрсетеді.

А Айгүл СЕЙІЛ

Десе де, 2025 жылы ел экономикасы инфляциялық қысым жағдайында болғанын жоққа шығара алмаймыз. Баға өсімін тежеу мақсатында ақша-кредит саясаты қатаң деңгейде сақталып, жоғары мөлшерлеме сақталды. Мұндай жағдайда халық қаражатын тұтынудан гөрі депозитке орналастыруды жөн көруі әбден қисынды.

Жалпы, депозиттердің өсуін екі қырынан бағалауға болады. Біріншіден, бұл — қаржылық тұрақтылық факторы. Банктердің қор базасы кеңейеді, сыртқы қарыздарға тәуелділік азаяды. Мұндай жағдайда банк жүйесінің сенімділігі арттырып, ықтимал дағдарыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, экономикалық өсім тұрғысынан қарағанда, шешуші мәселе — осы қаражаттың қай бағытқа жұмсалатыны. Егер жинақтар өндірістік жобаларға, инфрақұрылымға және бизнесті кеңейтуге бағытталса, онда олар экономиканың сапалы және ұзақмерзімді өсуіне негіз болады. Ал қаражат негізінен тұтынушылық несиелеуге немесе қаржылық құралдарға жұмсалса, оның өсері ішкі сұранысты қысқа мерзімде қолдаумен шектеледі.

Жинақтаудың артуы инфляцияны тежеуге де жанама ықпал етеді, өйткені халық қаражатын жұмсаудың орнына сақтауды тандайды. Алайда мұндай үрдіс ұзақ сақталса, инвестициялық белсенділіктің баяулауына әкелуі мүмкін.

Жалпы, депозиттегі қаражаттың көбеюі экономикамызға қаншалықты әсер етеді?

ЖИНАҚТЫҢ АРТУЫ  
ЖАҚСЫ ҮРДІС ПЕ?

Бұл жағдайды әлде тек банктер арасындағы қаржы айналымы деп қана түсінуіміз керек пе? Біз қаржы саласындағы сарапшыларға осы сұрақтарды қойдық.

Мағбат СПАНОВ,  
ҚазҰУ профессоры:

— Экономикалық теория тұрғысынан алғанда, қаржы ресурстары жинақтауға немесе тұтынуға бағытталуы мүмкін. Сондықтан халықтың депозиттері елдің қаржы жүйесінде он рөл атқарады және атқаруға тиіс. Бірақ мұнда басқа бір мәселе бар. Банктер бұл қаражаттарды қалай пайдаланады? Оларды қайда салады немесе инвестициялайды? Негізгі үлкен мәселе дәл осы жерде туындайды. Үкіметтің инфляцияны күшейтіп отырған әрекеті мен Ұлттық банктің біліксіз саясатын ескерсек, банктер үшін өндіріске немесе инвестициялық жобаларға «ұзақмерзімді инвестициялар мен салымдар» жасау тиімсіз. Сондықтан олар ақшаны жоғары пайызбен несиеге беруге немесе қаржы құралдарына (көп жағдайда қаржылық алыпсатарлыққа) салуға мәжбүр.

Жалпы алғанда, халық пен ұйымдардың жинақтары қаржы институттарын дұрыс ұйымдастыру және тиімді басқару жағдайында ұлттық экономикада әрдайым тұрақтандырушы рөл атқарады.

Жания САНДЫБАЙ,  
Qazaq Expert Club қаржыгері:

— Қаржы сарапшысы ретінде атап өтсем, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда депозиттердің несиелерден

асып кетуі экономикалық серпіліс белгісінен гөрі «қайыпстаған стагнацияны» білдіреді. Бұл теңгемен өтімділіктің өскенін көрсетеді, алайда экономика үшін нақты пайдасы шектеулі, өйткені қаражаттың басым бөлігі өндірістік секторға емес, тұтынушылық несиелерге (21%) бағытталуда.

Халық инвестиция салғаннан гөрі жинақтауды жөн көреді, бұл экономикалық өсімді бауылатады. Салымдар өсіп жатқанымен, банктер қаражатты көбіне Ұлттық банктің қауіпсіз ноталарында сақтауды немесе нақты бизнесті емес, тұтынушылық несиелеуді жөн көреді (ШОБ несиелері 5,7%-ға өсті, ал тұтынушылық несиелер 21%-ға артты).

Сондай-ақ бұл жағдайды көбіне салымшының қалтасынан қарыз алушының қалтасына банктік жүйе арқылы (банктердің жоғары таза табысы — 2,7 трлн теңге жағдайында) қаражатты қайта бөлу деп есептеуге болады.

Жоғары мөлшерлеме мен өтімділікті стерилизациялау арқылы Ұлттық банк экономиканы саналы түрде «салқындатып», инфляциялық қысымды төмендетіп отыр. Депозиттердің несиелерден артуы — осы саясаттың жанама, бірақ күтілетін нәтижесі. Бұл аномалия немесе жүйенің іркілісі емес, қатаң ақша-кредит саясаты мен экономикалық агенттердің қымбат ақшаға бейімделуінің заңды салдары. Мәселе мұндай құрылым тым ұзақ сақталып, инвестициялар, тұтыну және өсімді тежей бастағанда туындайды. Сонда тұрақтылық стагнацияға айналады.

Венера Жаналина,

Qazaq Expert Club қаржыгері:

— Дамушы экономикалар үшін мұндай конфигурация қалыптасуы қубылыс. Депозиттердің өсуі банктік секторға деген сенімді және тұрақты ресурстық базаны қалыптастырғанын көрсетеді. Теңгедегі жинақтардың жоғары үлесі — макроқаржылық тұрақтылықтың және сыртқы қорландыруға тәуелділіктің азайғаны.

Банктер халықты ғана емес, бизнеске де несие береді: барлық қарыздың шамамен 38%-ы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге, шамамен 17%-ы ипотекаға және 45%-ы тұтынушылық несиелерге тиесілі.

Бұл қаражат тек сол салымшыларға қайтарылып қоймай, экономиканың әртүрлі секторы арасында қайта бөлінетінін білдіреді. Банктік жүйе қаржылық делдалдық функциясын атқарады. Жинақтарды несиелерге, инвестицияларға және бюджеттік қаржыландыруға трансформациялайды.

Жалпы, депозиттердің халыққа берілген несиелерден асып кетуін «банктер арасындағы ішкі айналым» деп түсіндіруге болмайды. Бұл, ең алдымен, қаржылық тұрақтылықтың белгісі. Ал экономикалық өсімге ықпалы банктік жүйенің жинақталған ресурстарды Қазақстанның нақты секторын дамытуға қаншалықты тиімді бағыттауына байланысты. Деректер несиелердің жалпы көлемінде бизнестің үлесі едәуір өскенін көрсетеді, дегенмен анағұрлым үлкен үлес бөлшек несиелерге тиесілі. Олар ішкі сұранысты қолдайды, бірақ өндірістік қуаттардың немесе инвестициялардың өсуіне тікелей ықпал етпейді.

# ГАЗ ӨНДІРІСІ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН ҚҰННЫҢ ТАРАЗЫСЫ

Қазақстанның газ өндірісінде бірқатар ілгерілеу бар, шикізат қоры да жеткілікті. Кейінгі жылдары халықты түгел табиғи газбен қамтамасыз ету қолға алынған. Дей тұрғанмен, газ өңдеу зауыттарының қажеттілігі, автогаз бағасы, табиғи газдың шалғай елді мекендерге толық тартылуы әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

## А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Таяуда Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Әлібек Жамауовтың баяндамасын тыңдаған еді. Президент тұрғындар мен өндіріс ошақтарын жылыту маусымында газбен тұрақты қамтамасыз ету шараларын жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ газ саласының ресурстық базасын нығайтуға қатысты міндеттер жүктелген болатын.

### ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ БІР ТАҒАНЫ

2023 жылы Қазақстанда газбен қамту деңгейі 60 пайызды құраса, табиғи газға 12 млн адам қол жеткізе алған. Ал 2024 жылы газ өндіру 59,0 млрд текше метр болып, елді газдандыру деңгейі 62 пайызға өсті. Былтыр 62,8 млрд текше метр газ өндірілген. Ел аумағы арқылы газ транзитінің көлемі 64,5 млрд текше метрге жетті. Сонымен бірге ел тұрғындарының 64,2 пайызы газбен қамтамасыз етілгені жарияланды. Енді 2030 жылға дейін 90 млрд текше метр көгілдір отын өндіру жоспары тұр.

Әйткенмен, Sana business academy құрылтайшысы, белгілі қаржы сарапшысы Мақсат Халық ел экономикасының үлесі мен газға тәуелділігі ауыз толтырып айта-тындай азаймағанына қайран қалады. Оның пайымдауынша, газ саласына инвестор тартып, елдің батыс өңіріндегі газ өндірісін әп-сәтте қолға алып, монополияны жойып, әртүрлі мақсаттарда тұтынатын газ бағасын тұрақтандыруға толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ ол халықтың табысы артса, газ бағасында пропорционалдық теңдік орнап, қазіргі газ құны қалтаға аса ауырлық етпейді деп санайды.

— Біздің экономикада мұнай мен газ саласының үлесі шамамен 40 пайызды құрайды. Ел қазынасы мұнай мен газ саласына тәуелділіктен толық арылмады. Яғни, әлемдік нарықта баға құлдыраса да, өссе де біз қалт-құлт етіп отырамыз. Пропан, метан сияқты шикі қорларына бай ел бола тұра, нарықта бәсекелестік жоқ. Газ саласында монополия басым. Сол себепті де инвесторларды тарта алмай жүрміз. Тұтынушылық газ, автогаз, шетелге экспорттайтын газ сияқты бөліктерге бөліп, бейініне қарай еуропалық стандарттарға сай зауыттар салатын кез жетті. Дүниежүзілік газ бағасын басқа елдермен салыстырғанда, біздің елден қымбат емес. Бұл арада мәселе

халықтың табысының төмендігінде болып тұр. Экономикалық өте үлкен прогресс жасаймыз деп, мәселен, өткен жылы 100 тенге тұрған заттың құнын, биыл 150-200-ге дейін қымбаттауына жол беріп алдық. Қазір орташа жалақы 450 мың болса, соның 1/3-і ең төменгі жалақы (150 мың тенге) болып, әлеуметтік төлемдер өсуі керек еді. Халықтың табысы өспегендіктен автогазға, табиғи газға, әртүрлі әлеуметтік қажеттіліктерге қол жеткізуі қиындап барады. Кейінгі 4-5 жылда газдың өзі әлеуметтік бағаға айналып кетті. Егер экономикалық дұрыс жоспар құрып, газ өндірісін мықтап қолға алып, газдандыру үдерісі жеделдетіп, газды сыртқа сату бойынша нақты істер атқарсақ, инвестиция тартсақ, біраз шаруа оналады, — деп ой бөлісті экономист.

Өткен жылы Үкімет 2025-2029 жылдарға арналған газ саласын дамытудың кешенді жоспарын бекітті. Құжатта тауарлық газдың ресурстық базасын кеңейту, газ өңдейтін куаттарды ұлғайту және газды іркілсіз жеткізу, тауарлық газдың ішкі тапшылығының пайда болу тәуекелдері, газ-мотор отыны және көмір химиясы қамтылған. Бұл жоспардың толыққанды іске асуынан халық та, кәсіпкерлер де, қаржы сарапшылары да үмітті екенін байқатты.

Кейінгі жылдары аймақтарды газдандыру ісі жүргізіліп жатыр. Қызылорда өңіріне қарасты Шиелі кентінің тұрғыны Дариха Молдағалиқызы ұзақ жылдан бері от жағып, күл шығарып күнеліп келген. Бүгінде үйіне газ келіп, ағаш жарып, көмір жағудан қолы босағандығын айтады.

— Біз ұзақ жылдар пеш жағып келдік. Күзде күйік ағаш, жыңғыл отынын түсіретінбіз. Үйіміз жылы болсын деп қосымша бір қысқа 4-5 тонна көмір алатынбыз. Әйтпесе, 7 бөлмелі үй жылымайды. Осыдан 10-11 жыл бұрын Шиеліні газдандыру ісі жүріп, біз де үйімізге табиғи газ орнатып алдық. Қыста үй бірқалыпты температураға сақтап, жып-жылы болып тұрады. Ең бастысы, қауіпсіздік ережесін сақтап, уақытында ақысын төлеп отырсаң, газдан тиімдісі жоқ екен деп ойлаймын, — дейді ол.

### ЗАУЫТТАР ЖЕТІСПЕЙТІНІ БАЙҚАЛАДЫ

Энергетика министрлігінің бізге берген дерегіне, Қазақстанда ауқымды

геологиялық барлау жұмыстары мен жаңа қуат көздерін іске қосу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Былтыр Қайыргелді, Түзкөл және Тасболат жаңа газ кен орындары пайдалануға берілген. Тасболат кен орнын іске қосу Манғыстаудағы Қазақ газ өңдеу зауытының қуатын толықтыруға мүмкіндік береді екен. Газ саласының ұзақмерзімді ресурстық базасын нығайту және елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында QazaqGaz ұлттық компаниясымен геологиялық барлау жұмыстарының кешенді бағдарламасы іске асып жатқан көрінеді. Қазіргі уақытта шамамен 515 млрд текше метр газды алдын ала ресурстық бағалаумен жер қойнауының 14 учаскесінде жұмыстар атқарылып жатқанға ұқсайды. Ортамерзімді перспективада геологиялық барлау портфелін газдың жиынтық ресурстық бағасы шамамен 1,7 трлн текше метр болатын 30 учаскеге дейін кеңейту көзделген. Бұл өндірісті ұлғайту және болжамды ішкі сұранысты жабу үшін тұрақты негіз қалыптастыруға мүмкіндік беретін сияқты. Сонымен бірге инвестициялық қызметті жандандыру және геологиялық



**Газдандыру деңгейі кеңейіп, көмірден газға көшу үрдісі күшейіп, электр энергетикасында газ станцияларының үлесі артып отырған тұста, жаңа газ өңдеу зауыттарының маңызы ерекше.**

тәуекелдерді бөлу мақсатында жер қойнауының 50-ге жуық учаскесін электрондық аукционға шығару жоспары бар көрінеді. Осы учаскелерде геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру QazaqGaz, «Самұрық-Қазына» және инвесторлардың қаражаты есебінен қамтамасыз етілмек.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов Қазақстанда жаналдан газ өңдеу зауыттарын құру қажет деп санайды. Оның пікірінше, газ өңдеу арқылы тауарлық газ, LPG, этан, полимерлер, күкірт сияқты жоғары маржалы өнімдер алуға болады. Сондай-ақ ол зауыттарды ірі кен орындарының маңына салу қажет деп санайды.

— Қазақстанның табиғи газ әлеуеті айтарлықтай, бірақ қазіргі газ өңдеу қуаттары ішкі сұранысты толық қамтамасыз ете алмай отыр. Елде өндірілуі бар газдың басым бөлігі мұнай кен орындарынан алынатын ілеспе газ болса да, оның тек аз бөлігі ғана тауарлық өнімге айналады, ал қалғаны технологиялық мақсаттарға жұмсалды немесе өңделмей ашық күйде қалады. Тіпті Қарашығанақ, Теніз, Қашаған сияқты ірі кен орындарында да терең өңдеудің жеткіліксіздігі байқалады. Нәтижесінде, тауарлық газ көлемі шектеулі, ал LPG, этан, пропан, бутан сияқты газохимиялық шикізат тапшылығы байқалады. Газохимиялық өндіріс қарқыны баяу, ал ішкі сұраныс жыл сайын артып келеді. Газдандыру деңгейі



кеңейіп, көмірден газға көшу үрдісі күшейіп, электр энергетикасында газ станцияларының үлесі артып отырған тұста, жаңа газ өңдеу зауыттарының маңызы ерекше. Егер олар салынбаса, ішкі нарықта тапшылық туып, кей өнімдер импортқа тәуелді болып, баға тұрақсыз болады. Газ өңдеу тек шикізат алу ғана емес, бұл — нақты құн қосу жолы. Өңдеу арқылы тауарлық газ, LPG, этан, полимерлер, күкірт сияқты жоғары маржалы өнімдер алуға болады. Бұл экономиканы әртараптандыруға, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жаңа

облысында 10 миллиард тенгеге, шамамен 100 мың тұрғын газбен қамтылды. Жамбыл, Жетісу өңірлерінде газ құбырларын жүргізу жұмыстары белсенді жүргізілуде. БҚО-да «Ростоши — Тайпак» жоғары қысымды газ құбырының құрылысы басталды. Бұл Ақжайық және Теректі аудандарындағы газ тапшылығын шешпек. Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру аясында газ саласында бірқатар стратегиялық маңызды жобалар орындалуда. Былтыр Жетісу облысында ұзындығы 302 шақырым болатын «Талдықорған — Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы аяқталып, 80-нен астам елді мекен газбен қамтамасыздандырылды. Елдің оңтүстік өңірлерін тауарлық газдың қосымша көлемімен қамтамасыз ету мақсатында «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистралды газ құбырының екінші желісінің бірінші кезеңі жалғасуда. Осы жылдың соңына дейін қуаттылығы жылына 10 млрд текше метрге дейінгі газ құбырының желілік бөлігінің құрылысын аяқтау жоспарланған. Жобаның екінші кезеңі аясында компрессорлық станциялар салу қарастырылған, бұл газ құбырының өткізу қабілетін жылына 15 млрд текше метрге дейін арттырады. Қашаған ГӨЗ құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қуаттылығы 1 млрд текше метр болатын зауытты 2026 жылы іске қосу жоспарлануда. Қуаттылығы 2,5 млрд текше метр болатын тағы бір зауыт салынбақ. Жанаөзенде қуаттылығы 0,9 млрд текше метр болатын жаңа ГӨЗ-ді 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Қарашығанақта қуаттылығы 4 млрд текше метр болатын зауытты жобалау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жобалар газ саласын жаңғыртуға, елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, экономиканы дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған, — деп қорытындылады Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаментінің директоры Елтай Әлиев.

Әлем бойынша газ өндірісінде АҚШ (900-950 млрд текше метр), Ресей (600-650 млрд), Иран (270-280 млрд) және Қытай (240-250 млрд) алдыңғы қатарда тұр. Яғни, бұл елдер өзінің газ өнеркәсібі мен газ экспортты әлдеқашан жүйелеп, бір қалыпқа түсіріп алған. Дамыған державтар тәжірибесін игеріп, ірі газ экспорттаушы елге айналу біздің елге де мәуелі меже.

# ЖЫЛУДЫҢ ЖАЙЫН ҰЛТТЫҚ ЖОБА ЖҮЙЕЛЕМЕК

## А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Батыс Қазақстан облысында коммуналдық желілердің әбден тозғаны жасырын емес. Электр желілері 80 пайызға, су мен жылу құбырлары 60 пайызға ескірген. Бұл сөзге дәлелді алыстан іздемейміз, күн райы сәл өзгерсе болды, жарық сөніп қалады немесе су тоқтайды. Жарық өшкен бойда қаладағы тоқпен жылытылатын үйлердің бәрі қақаған қыста талай жылу-сыз отырды. Тіпті былтыр қыстың алғашқы айындағы борандар талай елді мекен мен қаланы жарықсыз, жылусыз, байланыссыз қалдырды. Атқарушы билік осы мәселені шешу үшін қандай жоспар құрып жатыр? Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың ұлттық жобасында не жазылған?

Өңірдегі ірі стратегиялық нысанның бірі — «Жайық-ЖылуҚуат» АҚ. Бұл қаланы жылумен қамтамасыз етіп тұрған үлкен нысан. Сөздің шыны керек, бұл нысан әбден ескірген, көп жылу қазандығы жөндеуді қажет етеді. Жуырда «Жайық-ЖылуҚуат» мекемесінің газтурбинасы жөндеуден өтіп, қайта іске қосылғаны мәлім болды. Жөндеу былтыр сауірден бері жалғасқан еді.



Жылу электр орталығындағы «Хитачи» газ турбинасы 2006 жылы іске қосылып, содан бері тоқтаусыз қызмет атқарған. Ол үш турбоагрегатқа 40 шаршы метр бу және 25 мегаватт электр қуатын өндіретін. Бұл газтурбинаға 2019 жылы бір жөндеу жүргізілген. Бірақ сол кезде құрылымының әбден тозғаны анықталыпты.

Енді міне, араға бірнеше жыл салып газтурбинаны жөндеуден өткізіп отыр. Жалпы, «Жайық-ЖылуҚуат» мекемесінде үш турбоагрегат бар. Үшеуінің де жағдайы жақсы емес. Біреуіне тек былтыр жөндеу жүргізіліп, іске қосты. Екіншісі 1994 жылдан бері қызмет атқарып тұр. Ал үшіншісін жөндеу үшін жобалық құжаттамасы жасалып жатыр. Алдағы уақытта жылыту қазандықтарын жаңарту және

газтурбиналық станса салу жоспары бар екен.

Осы мәселенен соң аймақ басшысы Нарман Төреғалиев «Жайық-ЖылуҚуат» мекемесін аралап, жұмыс барысымен танысты. Коммуналдық саланы цифрландыру бастамалары да осында қозғалыпты.

— Жылу электр орталығының барлық жұмысын автоматтандырып, цифрландыруға көшеміз. Ол бізге келенсіз жайттардың алдын алу үшін қажет. Біз осы жылу орталығына цифрлық басқару орталығын саламыз. Қаладағы кәріз сору стансалары, шағын жылу пункттері, су айлау стансалары осылардың бәрі заманауи бақылау жүйесіне көшіріледі. Қазір бұлардың бәрі бөлек-бөлек жұмыс істеп отыр. Болашақта осылардың бәрін біріктіріп, бір диспетчерлік орталықтан басқарылатын етеміз. Бұл қалада бола қалатын тосын апаттарды тез анықтап, қаланы үздіксіз жылу, су, электрмен қамтуға мүмкіндік береді, — деді облыс әкімі Нарман Төреғалиев.

Кейінгі екі жылда ғана жылу-энергетика саласын жаңғыртуға бюджеттен 15,6 млрд тенге қаржы жұмсалған. Соның нәтижесінде насостық станциядағы тарату құрылысы, градирия, жаңа қазандық, №2 және №5 жылу магистральдарын қайта құру, Зашаған кентіндегі жаңа қазандық құрылысы аяқталды. Бұдан бөлек, қазір №6 және №7 жылу магистралін жаңғырту жобалары жүзеге асырылуда. Бұл жобалар «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асып жатқан көрінеді.

Тоған коммуналдық желілері қалпына келтіру өте ұзақ уақытты қажет етеді. Осыны ескеріп, аймақ басшысы 2023 жылы коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйін жақсарту мақсатында 2035 жылға дейін жасалу керек жұмыстардың жол картасын бекіткен. 2023-2024 жылдары облыстық энергия тарату компаниясының қаражаты есебінен 6 мың шақырымға жуық электр желілеріне, 50 қосалқы станцияға және 600 трансформаторға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Орал жылу электр орталығының жылу магистралдары мен негізгі тораптары жөндеді. Айта кетерлігі, бұл нысандарға күрделі жөндеу іске қосылған 1960-1970 жылдардан бері жүргізілмеген. Әзірге коммуналдық мекемелер 25 техникамен толықты. Бұл жұмыстар алдағы жылдары да жалғаспақ.

БҚО-да екі аудан электр энергиясын Ресейден алады — ең шалғай Бөкей Ордасы мен Жәнібек ауданы. Жалпы, облыс электр энергиясына қажеттілігінің 96 пайызын өзі өндіріп отыр. Тек жанағы аталған екі аудан үшін 4-5 МВт электр энергиясы көрші елден алынады.

Өңірдің электр тораптарының жағдайы мәз емес. Облыстың орталығы Орал қаласының маңындағы ауылдарда жарық жиі сөнеді. Осы олқылықты жою үшін биыл 41 елді мекеннің электр желілері жаңартылып жатыр. Бұл жұмыстар былтыр басталған. Ал биыл 100-ден астам елді мекеннің электр желілері ауыстырылмақ.

Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында БҚО бойынша электр желілері, су құбырлары мен жылу құбырлары ауыстырылып, жаңартылады. Бәйтерек, Таскала, Шыңғырлау, Бөрлі аудандарында мердігер компаниялар электр желілерін ауыстыруға келіскен. Ұлттық жоба 2029 жылға дейін есептелген. Осы уақыт аралығында коммуналдық желілерді жаңарту жоспары тұр.

Жалпы алғанда, Ұлттық жоба шеңберінде 2025-2029 жылдар аралығында жылумен жабықтау саласына — 25 млрд тенге, сумен жабықтау саласына — 17,4 млрд тенге, су бұру саласына — 10,1 млрд тенге және электрмен жабықтауға 130,6 млрд тенге қаржы бөлінді. Егер осы 183,1 млрд тенгені құрайтын жобалар толық іске асса, сумен жабықтау және жылу желілерінің тозу деңгейі — 43 пайызға, ал су бұру желілерінің тозуы — 48 пайызға, электр жабықтарының тозуы 62 пайызға дейін төмендейді деп күтіліп отыр.

## ҚОҒАМ

19 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



**Үнзила ШАПАҚ,**  
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы  
фракциясының және Конституциялық комиссияның мүшесі:

# ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТЕТІГІ

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мақұлдаған жаңа Конституция жобасы 12 ақпанда жарияланды. Президент Жарлығына сәйкес, 15 наурызда өтетін республикалық референдум қарсаңында қоғамды толғандырған сұрақтар аз емес. Ата Заң жобасында неке және отбасы институты, ата-ана жауапкершілігі, бала құқығы және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар қалай көрініс тапты? Осы мәселелерді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының және Конституциялық комиссия мүшесі Үнзила Шапақ түсіндіріп берді.

— Жаңа Конституция жобасында неке және отбасы институтының мәртебесі қалай айқындалған?

— Жаңа Конституция жобасында неке және отбасы институтының мәртебесі айқын және құқықтық тұрғыда нақты бекітілген. Бұл норма отбасы мен неке туралы құқықтық ұғымды, олардың әлеуметтік және құқықтық маңыздылығын айқындайды. Конституцияның 30-бабы нақты отбасылық қатынастарды заңмен реттеу және қорғау мақсатын көздейді. Жоба бойынша неке ер мен әйелдің мемлекет заңына сәйкес тіркелген, ерікті және теңқұқықты одағы ретінде қарастырылады. Мемлекет отбасы институтын қорғауды заң деңгейінде қамтамасыз етеді, соның ішінде отбасы қатынастарын реттейтін арнайы заңдар мен құқықтық шаралар қабылданады.

Неке мен отбасы институтын қорғау үшін мемлекет құқықтық кепілдіктер ұсынады. Бұл барлық отбасы мүшелерінің, әсіресе, балалардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік береді.

— Бұл жобадан неке және отбасы нормалары бұрынғы Конституция нормаларынан несімен ерекшеленеді?

— Әрине, сұрағаныңыз бойынша жаңа Конституция жобасы мен бұрынғы Конституция арасындағы айырмашылықтарды нақты мысалдармен түсіндіруге тырысайын. 1995 жылғы Конституцияда неке ұғымының айқындалуы жөнінде және неке мен отбасы институты туралы нақты анықтама болған жоқ. Отбасы институты тек әлеуметтік қорғау аясында қарастырылған болатын, бірақ оның құқықтық қорғалуы туралы айтарлықтай нақты нормалар болмаған. Тек отбасы мен неке туралы түсінік Отбасы кодекsinde реттелген болатын. Яғни, отбасы институты негізінен заңдармен емес, тек жалпы әлеуметтік құқықтармен қорғалған және неке институты «ер мен әйел арасындағы әлеуметтік одақ» деген түсінікпен қаралған еді, бірақ ол Конституцияда құқықтық тұрғыдан анықталмаған болатын.

Жаңа Конституция жобасында неке ұғымы нақты айқындалған: 30-баптың 2-тармағы: «Неке — еркек пен әйелдің мемлекет заңына сәйкес тіркелген ерікті және теңқұқықты одағы» деп көрсетілген. Осы анықтама некенің құқықтық мәртебесін бекітіп, отбасы қатынастарының заңды түрде регламенттелетінін нақтылайды. Неке институтын нақты аспектілер бойынша жіктейтін болсақ, біріншіден еркек пен әйелдің одағы — Конституцияда неке тек еркек пен әйел арасындағы байланыс ретінде анықталады. Бұл ретте жоба некенің табиғи негізін сақтау принципі ұстанады. Екіншіден, мемлекет заңына сәйкес тіркеу — неке заңды түрде тіркелген болуы тиіс, бұл некенің құқықтық мәртебесін бекітеді. Жаңа жобадан неке

медициналық қызметтердің тегін берілуі немесе жеңілдетілген шарттармен көрсетілуі қамтамасыз етіледі. Бұл балалар мен еңбекке жарамсыз ата-аналарды қорғауға бағытталған. Сондай-ақ көпбалалы отбасылардың балаларын мемлекеттік мектептерде тегін немесе жеңілдетілген шарттармен оқыту қарастырылған.

Конституция жобасында отбасы институтын қорғау мемлекетке жүктелген басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Мемлекет бұл қорғауды құқықтық және әлеуметтік шаралар арқылы жүзеге асырады, отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында арнайы қоғамдық бағдарламалар мен құқықтық механизмдер енгізіледі. Бұл шаралар отбасы қатынастарындағы теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ отбасылардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

**БАҚЫТТЫ БАЛА —  
БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ**  
— Жобадан ата-ананың және баланың құқықтары мен міндеттері қалай айқындалған?

— Конституция жобасында ата-ана мен баланың құқықтары мен міндеттері нақты әрі егжей-тегжейлі айқындалған. Атап айтқанда, 30-баптың 3-тармағында ата-ананың және баланың құқықтары мен міндеттері бекітілген. Атап айтар болсақ, ата-ана балаға қамқорлық жасау мен оны тәрбиелеу үшін құқықтық жауапкершілікке ие. Жоба бойынша ата-аналар баласының әл-ауқатын қамтамасыз етуге, оны тәрбиелеуге және дамытуға міндетті. Басты міндеті — баланың құқықтарын қорғау, оның денсаулығын, білімін және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар ата-аналар балалардың мүддесін бірінші орынға қойып, балалардың білім алуына, дамуына жағдай жасауға тиіс. Ал балаға өзінің құқықтарын қорғауға заңды кепілдік беріледі. Баланың құқықтарын қорғау — мемлекеттің басты міндеті және бұл мәселе Конституция деңгейінде заңмен бекітілген.

Бала құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдерге сәйкес, балалардың құқықтары ешқандай жағдайда шектелмейді, олар толық қорғалуға тиіс. Баланың жеке құқықтары, оның денсаулығы, білім алу, тәрбие алу құқықтары мемлекет тарапынан қорғалатын болады. Балаға қарсы зорлық-зомбылық жасалуының алдын алу үшін



**Конституция жобасында отбасы институтын қорғау мемлекетке жүктелген басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Мемлекет бұл қорғауды құқықтық және әлеуметтік шаралар арқылы жүзеге асырады, отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында арнайы қоғамдық бағдарламалар мен құқықтық механизмдер енгізіледі.**

арнайы қорғау шаралары қарастырылады. Конституция жобасы бойынша, ата-аналар тек баласының әл-ауқатын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға міндетті. Бұл норма отбасындағы балалардың құқықтарын қорғау бойынша қосымша құқықтық шаралар мен механизмдер ұсынады.

— Мемлекетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша қандай жаңа нормалар бар?

— Конституция жобасында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірнеше жаңа және маңызды нормалар қарастырылған. Олардың құқықтары мен қауіпсіздігі 30-баптың 3-тармағында мемлекеттің басты міндеті ретінде нақтыланған. Бұл норма мемлекет балалардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайтынын көрсетеді. Мемлекетке кәмелетке толмаған балаларға қатысты зорлық-зомбылық, жәбірлеу немесе басқа да құқықбұзушылықтар жасалған жағдайда оларды құқықтық қорғау механизмдерімен қамтамасыз етеді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары тек әлеуметтік қорғаумен шектелмейді, сонымен қатар балаларға білім алу құқығы беріледі. Бұл жоба бойынша баланың білім алу құқығы заңмен қамтамасыз етілген. Балалардың білім алуына және дамуына байланысты ата-аналар мен мемлекет бірлесіп әрекет етеді. Яғни, қоғамдық және жеке ұйымдар бірлесе

отырып балалардың құқықтарын қорғайды. Мемлекет кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін құқықтық тетіктер мен қорғаныс механизмдерін күшейтеді. Бұған психологиялық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балалардың жеке деректерін қорғау жатады. Сонымен қатар мемлекет балаларға арналған арнайы заңдар мен бағдарламаларды қолданысқа енгізе отырып, оларды әлеуметтік көмекпен қамтиды. Ал зорлық-зомбылықтан қорғау үшін арнайы мемлекеттік органдардың жұмысы күшейтілген. Әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылықтан және басқа да құқықбұзушылықтардан балаларды қорғау үшін арнайы әлеуметтік қолдау мен құқықтық қызметтер ұйымдастырылады. Мысалы, Жаңа Конституция жобасында балаларды қорғау үшін құқықтық қорғаныс, психологиялық қолдау және әлеуметтік көмек шаралары қарастырылған. Мемлекет осы шаралар арқылы балаларды қорғай отырып, олардың физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін жағдайлардың алдын алады.

— Алимент, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелері қалай реттеледі?

— Конституция жобасында алимент, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелері нақты құқықтық реттеу арқылы қарастырылған. Бұл мәселелер бойынша отбасы құқығының сақталуы және отбасы мүшелерінің құқықтық қорғау механизмдері айқын белгіленген. Конституция жобасында алимент төлеу міндеті оны көрсетілмегенмен, алименттерді тек әлеуметтік азаматтық заңнамалармен, оның ішінде Отбасы кодексімен реттеледі. Жобадан алимент мәселесі бойынша құқық қорғау органдары мен сот жүйесі бірлесіп жұмыс істейді. Алимент төлеуден бас тартқан жағдайда ата-анаға қарсы құқықтық шаралар қолдану үшін арнайы механизмдер бар. Сонымен қатар жаңа жобадан мемлекетке азаматтарды әлеуметтік қорғау мен отбасылық дауларды шешуге кепілдік беріледі. Осыған байланысты мемлекет алимент, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелерінде арнайы құқықтық қорғау шараларын қабылдайды. Алимент мәселесін реттеу мемлекеттің әлеуметтік және азаматтық құқықтық міндеті ретінде қарастырылған. Сондай-ақ мемлекет сот шешімімен алимент төлеуді қамтамасыз етеді.

Мемлекет тұрмыстық жағдайы төмен, ата-аналары жоқ немесе құқықтарынан айрылған балаларды қорғауды Конституцияға сүйеніп отырып, міндеттейді. Бұл қорғау механизмдері әлеуметтік қызметтер, құқық қорғаушы органдар, мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Қамқоршылық пен қорғаншылық балалардың және еңбекке жарамсыз азаматтардың құқықтарын қорғау үшін құқықтық тетіктер мен құқық қорғаушы институттарын орнатуға көздейді. Мемлекет бұл мәселелерді шешу үшін арнайы құқықтық және әлеуметтік қолдау тетіктерін қолданады.

**ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК ҮЙЛЕСІМІ**

— Жаңа жобадан гендерлік теңдік пен дәстүрлі отбасы ұғымының арақатынасын реттеу мәселесі қарастырылған ба?

— Конституция жобасында гендерлік теңдік пен дәстүрлі отбасы құндылықтары арасындағы байланыс арнайы айқындалған. Бұл екі ұғым арасындағы үйлесімділік мемлекет тарапынан құқықтық және әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы қамтамасыз етіледі. 30-баптың 2-тармағында гендерлік теңдік мәселесі арнайы қарастырылған. Онда: «Неке — еркек пен әйелдің мемлекет заңына сәйкес тіркелген ерікті және теңқұқықты одағы» деп белгіленген. Бұл гендерлік теңдіктің отбасылық қатынастарда сақталуын қамтамасыз етеді. Жобаға сәйкес ер мен

әйелдің тең құқықтылығы қатаң сақталып, яғни мемлекет отбасылық қатынастарда еркек пен әйелге тең құқықтар беріледі. Сонымен қатар отбасы институтында жынысқа қатысты кемсітушілікке жол берілмейді. Ер мен әйел арасындағы теңқұқықтықты қамтамасыз ету арқылы отбасы мен неке институты нығаяды.

Мемлекет дәстүрлі отбасы құндылықтарын қолдай отырып, балалар тәрбиесіне, ана мен әке рөліне ерекше назар аударады. Мемлекет осы арқылы отбасындағы ер мен әйелдің теңқұқықтылығын сақтай отырып, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасы гендерлік теңдік пен дәстүрлі отбасы құндылықтарын үйлестіру мақсатында арнайы құқықтық және әлеуметтік шаралар белгілейді. Бұл екі ұғымды үйлестіре отырып, мемлекет жыныс теңдігі мен отбасы рөлін тең дәрежеде бағалайды және гендерлік теңдік туралы саясат арқылы отбасылық қатынастарда әлеуметтік тепе-теңдікті сақтауға мән береді.

— Жаңа жобаның қандай тұстары әлі де талқылауды қажет етеді?

— Конституция жобасы бірқатар маңызды мәселені қамтитындықтан, оның кейбір тұстары әлі де толық талқылауды қажет етеді. Бұл тұстар қоғамдағы пікірталасқа негіз болатын, қоғамның әртүрлі тобының мүдделерін ескере отырып, шешуді талап ететін мәселелер болуы мүмкін. Мысалы, көпбалалы отбасыларға арналған әлеуметтік қолдау мен аз қамтылған азаматтардың құқықтары мәселелері бойынша жаңа шараларды жүзеге асыруға қатысты нақты жоспарлар мен тетіктер әлі де толық айқындалуы тиіс. Әлеуметтік саясаттың халықтың әрбір санаты үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша көбірек талқылаулар қажет.

— Конституцияның жаңа жобасында қарастырылған нормалар халықаралық құқық талаптарына қаншалықты сәйкес келеді?

— Конституция жобасы халықаралық құқық нормалары мен стандарттарына сәйкес келеді. Біріншіден, жаңа Конституция жобасы адам құқықтарын қорғауды басты міндет ретінде бекіткен. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар, соның ішінде БҰҰ-ның адам құқықтары декларациясы және Еуропалық адам құқықтары конвенциясы талаптарына толық сәйкес келеді. Мәселен, баланың құқықтарын қорғау, жыныстық теңдік, азшылық құқықтары сияқты мәселелердің реттелуі халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген. Екіншіден, гендерлік теңдік мәселесі егжей-тегжейлі қарастырылған, ол БҰҰ әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою конвенциясы (CEDAW) сияқты халықаралық шарттарға сәйкес келеді. Конституцияда әйелдер мен еркектердің тең құқықты екенін айқындау, жұмыс орындарындағы теңдік пен жалақыдағы теңдік мәселелері халықаралық талаптарға сай келеді. Үшіншіден, сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының тәуелсіздігін Еуропалық адам құқықтары соты мен Халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестендіру қамтамасыз етілді. Төртіншіден, экономикалық және әлеуметтік құқықтар халықаралық экономикалық құқықтық міндеттемелерге сәйкес келеді, оның ішінде әлеуметтік және экономикалық құқықтар туралы халықаралық пакт талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелер көрсетілген. Бесіншіден, Қазақстан халықаралық келісімдер мен құқық мәселесінде, әсіресе халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен халықаралық міндеттемелерді орындау тұрғысынан заңдардың үйлесімділігін сақтауға назар аударады.

— Сіздіңше, жаңа жоба қоғамға қалай әсер етеді деп күтіледі?

— Жаңа Конституция жобасы қоғамның барлық саласына, соның ішінде құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерге терең әсер етеді. Бұл өзгерістер қоғамдағы әділдікті, теңдікті, және адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар азаматтардың құқықтарын қорғауды нығайтады. Бұл халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықтық қорғаудың жаңа тетіктерін енгізеді. Атап айтқанда, адам құқықтары мен сот жүйесінің тәуелсіздігіне қатысты жаңа нормалар қоғамдағы әділеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Құқық қорғаушы органдардың жұмысын жақсарту және заң үстемдігін қамтамасыз ету арқылы мемлекет азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды шараларды қабылдайды.

Жаңа жобадан отбасы мен балаларды қорғауға бағытталған нормалар, сондай-ақ жұмысқа қабілетті азаматтардың теңқұқықтылығын қамтамасыз ету шаралары халықтың әлеуметтік және экономикалық тұрғыда тең болуы үшін қажетті негізді қамтамасыз етеді. Менің пайымдауымша, жаңа Конституция жобасында экономикалық тұрақтылық, құқықтық әділдік, әлеуметтік теңдік басты қағида саналады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Телекүл ЕСДӘУЛЕТ

# БАҒАСЫ БАҚЫЛАНБАҒАН САЛА

Кейінгі жылдары ауа райы күрт құбыла қалса, такси құны әдеттегіден шарықтай түсетін болды. Бұл, әсіресе, алматылықтар үшін үйреншікті жағдай. Иә, баға динамикасының өсуіне ауа райымен қоса қаладағы кептелістің, қала берді такси қызметіне сұраныс көп болуының да ықпалы бар. Десек те, қарапайым тұрғындар такси бағасының кейде шектен тыс шарықтап, сервис «әкесінің құнын» сұрайтынын айтып наразы. Мәселен, былтыр елімізде такси құнының өсуі инфляция деңгейінен де асып түскен.

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы



Елнар КАБА (ФОТОГРАФ)

## ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ 15 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАҒАН

Ұлттық статистика бюросы «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесінің дерегінше, өткен жылдың қараша айында такси қызметі 15 пайызға қымбаттаған. Ал 2024 жылдың сәуір айында Ranking.kz жариялаған мәліметке сүйенсек, бір жыл ішінде Қазақстандағы такси бағасы орта есеппен 12,3 пайызға өскен. Соның ішінде Алматыдағы такси құны 40,6 пайызға артқан. Осылайша, мегаполис баға саясаты бойынша еліміздегі анти-көшбасшы атанып отыр. Аспандаған бағаға бақылау бар ма? Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, қолайсыз ауа райы жағдайында такси құнының өсуі бәсекелестік қағидаттарына қайшы болып саналмай ма? Агрегаторлар қолданатын баға қалыптастыру алгоритмдері мемлекетке ашық па? Тақырыпқа арқау болған осы және өзге де сауалдарымызды Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне жолдадық. Агенттік төрағасының орынбасары Болат Сәмбетовтің айтуынша, бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерінің болуы туралы хабарлама негізінде алдалық бағдарламасының ережелеріне өзгерістер енгізілген.

Осыған сәйкес, пайдаланушыларға берілетін жеңілдіктер шығынын енді Яндекс толықтай өз мойнына алған. — Агенттіктің ұсынымы негізінде жүргізілген алгоритмдік баға белгілеу аудитінің қорытындысы бойынша, 2025 жылдың шілде айынан бастап Яндекс Go қосымшасында сапар бағасын нақтылау функциясы енгізілді. Атап айтқанда, А нүктесінен Б нүктесіне дейін сапарға тапсырыс беріп, тарифті, одан әрі сапар сомасын басу қажет. Яндекс сервисі таңдалған бағыт бойынша сапар құнын, сұраныстың болуын және көтерілетін коэффициентті көрсетеді, — деді Болат Қуанышбекұлы.

## ҮШ ЕСЕДЕН АРТЫҚ ӨСІМГЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Бұл ретте қолданыстағы Яндекс компаниясына бірқатар өзгеріс енгізілген. Енді компания тарифтер мен сапардың базалық құнын көтеру туралы Агенттікке кемінде үш күн бұрын хабарлауға тиіс. Әуежай аумағына негізсіз енгізілген кейбір тұрғын үй аймақтары қайта қаралады. Сонымен бірге сапар құнының базалық бағасының екі еселенген бөлігінен комиссия алмау практикасы сол күйінде қалады. Бұл шешім жүргізушілер табысын арттыруға бағыттал-

ған. «Эконом» тарифі бойынша комиссияны екі жылда бір реттен жиі көтеруге шектеу енгізілді. Ең жоғары сұраныс кезеңдерінде, мысалы, ауа райы қолайсыз уақытта немесе мереке күндері тариф құнының үш еселен артық өсуіне шектеу қойылады.

Естеріңізде болса, 2023 жылы Агенттік тарапынан Яндекс компаниясына қатысты монополияға қарсы тексеру аяқталып, нәтижесінде, Яндекс өкімшілік жауапкершілікке тартылған еді. Осы тұста Болат Қуанышбекұлы Яндекс өкілдерінің өз міндеттерін орындауды енді Агенттік жанындағы арнайы мониторингтік топтың бақылауында болатынын атап өтті. Аталған топтың құрамына кәсіби қоғамдастық сарапшылары кіреді.

— 2025 жылдың 15 желтоқсанында Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен және қауымдастықтармен бірлесіп такси қызметі бойынша мониторингтік топтың кезекті отырысын өткізді. Жиын барысында талдамалық зерттеу орталығының динамикалық баға белгілеуге қатысты талдауы және Яндекстің компания шенберіндегі міндеттемелерінің орындалуы қаралды. Отырыс қорытындысы бойынша, Яндекске сұраныс артуы ықтимал геоэоналар туралы болжамды деректерді алгоритмге кенінен

енгізу ұсынылды. Бұл тәсіл ең жоғары жүктеме кезеңдерінде баға құбылмалылығын төмендетуге және жүргізушілерді қажетті аумақтарға алдын ала бағыттау арқылы сервистің тиімділігін көмектеседі, — деді төраға орынбасары Б.Сәмбетов.

Бұдан бөлек, жаңа Салық кодексінің қабылдануына байланысты Яндекс өзінің жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкер ретінде жұмыс істейтін жүргізушілер үшін салық агенті болады. Сондай-ақ интернет-платформа арқылы қызмет көрсететін жұмыс беруші ретінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеу міндеті енгізілген. Болат Сәмбетовтің айтуынша, бұл өзгеріс жүргізушілерге таксопаркке тәуелді болмай, Яндекспен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

## «БАҒА САЯСАТЫНДА МОНОПОЛИЯНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ БАР»

Сарапшылар Қазақстандағы такси құнының қымбаттауына себеп болатын бірнеше аргументті негізге алады. Бірі ауа райы, қаладағы кептеліс, жүргізуші саны мен сұраныстың артуы, сондай-ақ агрегаторлар комиссиясы ықпал етеді десе, енді бірі мұны нарықтағы жанар-жағармай құнымен байла-

ныстырады. Біз баға саясатына қатысты Яндекс өкілдеріне байланысқа шыққанымызбен, сауалымызға мардымды жауап ала алмадық. Алайда компания осыған дейін жариялаған ресми ақпаратта сапар бағасын анықтайтын басты факторлардың бірі ретінде сұраныс деңгейін атап көрсеткен. «Сұраныс күрт өсіп, бос көліктер жеткіліксіз болғанда, алгоритм сапар бағасын уақытша көтереді. Бұл — жүргізушілерді желіге шығуға ынталандыру және такси сапарларына деген сұраныс санын азайту үшін жасалатын әрекет. Тапсырыс берген барлық адамды сапармен қамтамасыз ете алатын көлік саны жеткілікті болғанда, сәйкесінше, сапар бағасы да төмендейді», — деп жазылған хабарламада.

Ал экономист Мақсат Халық кейінгі уақытта Яндекс ұсынатын баға белгілеу нормадан асып кеткенін, сондықтан мұнда монополиялық сипат болуы мүмкін екенін айтып өтті.

— Нарық заңына сәйкес бағаның өсуіне сұраныстың артуы, ауа райының құбылуы немесе жолдағы кептелістің де әсері бар. Бұл қалыпты жағдай. Мұндай қолайсыз уақытта баға нарық талаптарына қарай белгілі бір деңгейде ғана өсуге тиіс. Бірақ дәл Яндекс ұсынатын отырған баға деңгейінде емес. Расында, кей жағдайда платформадағы сапар құны «космосқа ұшатыны» жасырын емес. Таки құнының шектен тыс еркіндікке салынуы белгіленген нормадан әлдеқайда асып кетті деп ойлаймын. Осыдан төрт-бес жыл бұрын қосымшадағы такси бағасы қалтаға тиімді еді. Бұл уақытта компания азаматтарды қосымшаны пайдалануға тарту мақсатында қызметін арзан бағада жүргізген болуы керек. Ал қазір Яндекс өзінің нарықтың көп бөлігін иемденіп отырғанын жақсы түсінеді, сол үшін де сапар құнын өз еркіне қарай белгілейді. Әсіресе, Алматы қаласындағы баға өте жоғары, — деді экономист М.Халық.

Яндекс Такси дерегіне сүйенсек, 2025 жылы елімізде такси сапарларына деген сұраныс өткен жылмен салыстырғанда 19 пайызға артқан. Ал компаниямен серіктестікте жұмыс істейтін жүргізушілер саны шамамен 5 пайызға көбейген. Сондай-ақ былтыр барлық тарифтегі сапардың бір минуттық орташа бағасы 90 тг көлемінде болған. Бұл 2024 жылдың қорытындымен салыстырғанда 10 пайызға жоғары.

# БАСҚАРМАНЫҢ «БЫЛЫҒЫН» АШҚАН БАЯНДАМА

Балалардың еш алаңсыз білім алып, қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін қоғамның ашықтығы мен өркениетті болғаны керек. Өкінішке қарай, ел аумағында бесіктен белі шықпай жатып балалардың өзі шектен тыс қатыгездікке тап болып жатқаны шындық. Салдарынан мектеп жасындағы өрімдей балалар арасында да түрлі қылмыс пен құқықбұзушылық көбейді.



**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Түйткіл Ақмола облысында да аса өткір күйде қалып отыр. Елдегі білім беру саласы қашан да болсын түрлі реформалар мен жобалардан, концепциялар мен тұжырымдамалардан кенде болған емес. Дегенмен таяуда Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың Ақмола облысындағы білім беру саласына қатысты баяндамасы өңірдегі талайdan бері қордаланған аса өткір жайттардың басын ашып берді. Әсіресе, балалар қауіпсіздігі мәселесі өзекті екені байқалды. Министрдің өзі өңірдегі көмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алаңдатарлық жағдайға жеткенін ашық мойындаған.

— Ақмола облысында көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша бірқатар проблемалық мәселе орын алууда. Мәселен, көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында жағдай өлі де алаңдатарлық. Бұл жүргізіліп жатқан шаралардың тиімсіздігін растайды. Нақты айтсақ, 2025 жылғы көмелетке толмағандар қатысқан 80 құқықбұзушылық тіркеліп, жасөспірімдер қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 2024 жылдың осы кезеңінде 65 жағдай тіркелген. Олардың ішінде жеке адамға қарсы құқықбұзушылықтар басым, — дейді Жұлдыз Сүлейменова.

Министрліктің ресми деректеріне жүгінісек, өңірде көмелет жасына толмағандардың қатысуымен жасалған құқықбұзушылық өткен жылы 19,4 пайызға дейін артқан.

Осындай жағдайда облыстық білім басқармасынан күтілетін іс көп. Басқарманың туындаған жағдайларға орай жүзеге асыратын жоба-жоспарын білмекке арнайы сауал жолдаған едік. Басқарманың ресми жауабында «Адал Азамат», «Дос болайық», «Қауіпсіздік сабақтары», «Прокрутор сағаты» сияқты бұрыннан бар жобалар аталды. Алайда, басты сұрақ ашық күйде қалды. Егер осы орындалып жатқан бағдарламалар шынымен тиімді болса, онда құқықбұзушылықтардың саны неге еселеп артып отыр? Берілген жауапта бірде-бір аудан, бірде-бір мектеп бойынша нақты нәтижелік көрсеткіш, құқықбұзушылықтың қай жерде, қандай себеппен азайғаны немесе артқаны туралы талдау байқалмады.

Өкініштісі сол, өткен жылдың қарашасында бала өлімімен аяқталған қайғылы оқиға өңір тарихындағы аса ауыр трагедиялардың бірі болды. Целиноград ауданында 14 жастағы жап-жас жеткіншек пышақ жарақатынан қаза болды. Тұтас өңірді дүр сілкіндірген жағдай ел ішінде үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Аталған оқиғаға қатысты білім басқармасы жауапкершілікті ата-анаға ысырумен шектелген. Ресми түрдегі баланың ата-анасы профилактикалық жұмыстан бас тартқаны, ал мектеп барлық алгоритмді мүлтіксіз орындағаны алға тартылды. Алайда, бұл жерде аса маңызды сұрақ жауапсыз қалған. Егер ата-ана бас тартса, тұтас жүйе, яғни мемлекет пен мектеп өз жауапкершілігін толықтай алып тастай ма?

Министр баяндамасында аймақта балалар арасында жеке адамға қарсы құқықбұзушылықтардың да шамадан

тыс көбейгені аталады. Әсіресе, Целиноград, Бұланды және Аршалы аудандарындағы ахуал алаңдатарлық күйге жеткені баян етіліпті. Алайда, басқарма жауабы тек жекелеген тәртіптік шаралармен ғана шектелген. Бір директор қызметінен босатылып, бірнеше орынбасарына тәртіптік жаза қолданылған. Болған жайттың себептерін анықтауға емес, салдарын жоюға ғана бағытталған іс.

Министр облыстағы балалар әл-ауқаты мен қауіпсіздігінің төмендігін ашық мойындап, оған өңірде өткен жылы 258 бірдей ата-анадан өтініш түскені айқын дәлел болатынын тілге тиек еткен.

— Ең көп өтініш Ақмола облысының білім басқармасына (100), Бұрабай ауданының білім бөліміне (21) және Зеренді ауданының білім бөліміне (16) түскен. Сонымен қатар министрлікке жолданған өтініштердің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың деңгейінде-ақ қаралуы мүмкін екенін атап өттім. Бұл фактілер жергілікті атқарушы органдардың қызметін ұйымдастыруда жүйелі кемшіліктердің бар екенін көрсетеді, — дейді баяндама барысында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

258 өтініштің басым бөлігі министрлікке тікелей жолдануы жүйеге деген сенімнің әлсірегенін көрсетпей ме? Егер жергілікті деңгейде тиімді жұмыс атқарылған болса, ата-аналар неге министрлікке тікелей жүгінуге мәжбүр? Басқарма ұсынған жауапта бұл өтініштердің қаншасы нақты шешілгені, қаншасы толық орындалғаны айтылмайды.

Министр баяндамасында өңірдегі мектептердің тәрбие жұмысының тиімді шатқаяқтап кетуінің негізгі себепін психолог қызметінің әлсіздігін көреді. Психологтардың өзі кәсіби шекті деңгейден өте алмай тұрғаны министр баяндамасында тайға таңба басқандай айқын көрсетілген.

Жауапқа жүгінсек, білім ордаларында камералар орнатылып, турнирлер қойылып, дабыл түймелері іске қосылған. Дегенмен бұл камералар балаларға жанашыр болып олардың ішкі күйін анықтай ала ма? Тек болған қайғылы жағдайды айна-қатесіз көрсетіп беруге қауқарлы. Ал жағдайдың алдын алу үшін кәсіби психологтар мен жауапты басшылар қажет.

Балалар қауіпсіздігі жайлы министр баяндамасы мен басқарма жауабы бірін-бірі мүлде толықтырмайды. Мәселе тек Ақмола облысында ғана емес, тұтас ел аумағында бар екенін ешкім жоққа шығара алмас. Ойлантар тұс — біздің трагедиядан кейін ғана сөйлейтініміз...

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы, f-тармағы негізінде ашық конкурс тәсілімен Мәдениет орталығы II-кабатындағы телестудия бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, декормен қаптау және толыққанды жарактандыруды (жиһаздары, ПВХ, кілемдер және т.б.) сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚКС төлеуші болып табылған жағдайда ҚКС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсыну отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚКС қоса есептеп ұсыну қажет.

4. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соның он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі өкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

5. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы өкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары және жұмыстарды орындауға қатысты материалдардың, сондай-ақ жеткізілетін тауарлардың, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келендік, Еуроодақ санатында тіркелгендігін немесе өндірілгендігін растайтын сертификаттарын ұсыну қажет;

7. Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатты төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, HSBK KZ KX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 26.02.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.**

19 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



анасы рөлін ойнап шықты. «Пейіштегі» Әділ екеуінің ұқсастығы осы еді. Сондықтан актрисаға мұндай жағдайдағы ана образын дәл көрсету қатты қиынға соқпапты. Койылым аяқталғаннан кейін Райхан апа рөлін ойнаған екі актрисаға да сұрақтарымызды қойдық. Екеуінің де айтар ойы бір арнада тоғысты. Яғни, екеуі үшін де Сириядан өтетін бөлігі мен спектакль финалы ауыр психологиялық сахнаның бірі болған. Өйткені бала үшін жанұшыра айқайлап, жанына араша түсу үшін ішке өксік тығып, көрерменді сендіру керек деген ұстаным – шығармашылық құрамның басты мақсатының біріне айналған.

«Жасым орта жасқа келгендіктен ананың бейнесі маған жақын болып барады.

## КІРШІКСІЗ СЕЗІМНІҢ «Пейіші»

Театр бір кейіпкерді бірнеше образда көруге мүмкіндік береді. Оған нақты мысал – «Пейіш» киносындағы кейіпкерлерді сахнада көрсеткен театр майталмандарының образы. Түркістан музыкалық драма театрының репертуары рухани салмағы басым, көрерменнің көкейіне терең ой салатын «Пейіш» атты су жаңа туындымен толықты. Спектакльдің өзегіне айналған аналық алақанның жылуы, балалық сенімнің мөлдірлігі мен үнсіз құрбандықтың биік парасаты сахналық шешім арқылы әсерлі жеткізілді. Қойылымның көркемдік қуаты сөз бен сезімнің үйлесімінде, қарапайым сәттердің өзінен терең мағына таба білген режиссерлік пайымда жатыр.

### Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Режиссер Әли Бидахмет пен драматург Қазыбек Аманжол кинотуындының сценарийін театр табиғатына икемдеп қана қоймай, оны ұлттық таныммен, қазақы болмыспен және бүгінгі қоғамның өзекті әлеуметтік мәселелерімен байыта түскен. Фильм прокатқа шыққаннан әр сеансы аншлаптан өтіп, миллиард касса жинаған еді. Бірақ кинода көрші халықтың өзіне тән ұлттық болмысы айқын көрініс тапқанын аңғару қиын емес-тін. Ал сахналық үлгіде осының бәрі қазақ халқының жан-дүниесімен алмасқан. Бұлар – режиссер мен драматург тандемінен туған ұтқыр шешімдер. Ойдан қосылған кейіпкер де, қосымша эпизод та бар. Кинода Әділдің жан досы Самір болса, қойылымда Іңкәр образы да қосылды. Ол тек қызы бала дүниеге келетін отбасынан шыққан. Осы арқылы қоғамның әлеуметтік мәселесіне айналған тақырыптың өзге тарқатылады. Қасиетті мекенге жаяу аттанған ана мен бала жол-жөнекей арасы аразға толған ағайынды жақындатады. Іңкәрдің әке-шешесінің тілеуін тындап бет алған бағытына аттанады.

### ӘР РӨЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Қойылым екі шығармашылық құрамның қатысуымен ойналады. Режиссердің ұтқыр шешімі қатас керек, актерлік құрам әр театрдың үздіктерінен құралған. Фильмді көргеннен кейін Райхан апа ретінде Анар Назарқұлованы жақсы таныған едік. Ал сахналық үлгіде бұл образды екі шығармашылық құрам таныстырады. Бірінші құрамда ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қаллеки театрының актрисасы Алтынай Нөгербек ойнап шықса, екінші құрамда Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының актрисасы Гүлмира Жакилина сомдайды. Сахнада да ана махаббатын сәтті көрсете алғандықтан, залдағылық толы көрерменнің әрқайсысы көзіне жас алды. Ана образын толық ашу үшін кәсіби актерлік шеберлік жеткіліксіз. Оны жүрегі бала деп соғатын, бауыр етінің болашағына алаңдайтындар ғана жеткізе алады. Біз актрисаларымызды басқа да спектакльдерде ақжаулықты ана образында көрген едік. Мәселен, осыдан бірнеше ай бұрын елордамызда қойылған «Құштар» спектаклінде Гүлмира Жакилина аутизм спектрі бар баланың



**Күнделікті өмірде «Жұмақ – ана табанының астында» дегенді жиі естиміз. Өзіміз де айтып жүреміз. Бірақ астарын дер кезінде түсінбеген сияқтымын. Былтыр анам дүние салды. Содан кейін анамсыз өтіп жатқан әр күнім, әр түнім осы сөздің қаншалықты биік екенін, қадірлі екенін ұғып келемін.**

Қаншалықты жақындай түссе де, ойнауға қиын жерлер болатыны рас. Мәселен, «Пейіште» баламызға бомба байлап алып келетін жері – өзімізді максималды түрде босататын кез. Егер сол жерден сәтті шықсақ, қойылым да сәтті өтеді деген сөз. Әр рөлді ойнап болған соң өзіме міндетті түрде ұрысамын. Театрдың құдіреті де сол ғой: ол – дәл бүгін, дәл қазір, дәл осы жерде деген нәрсе. Бүгін ойдағыдай болса, келесі қойылымның кей түсі жетпей, кей жері тым әсерлі шығады. Мәнінше, әр рөл актер үшін жана мүмкіндік, көрерменмен диалог орнатуға берілген мүмкіндік. Шығармашы адамдардың бір жақсы артықшылығы жұмысы арқылы ойымызды айтып көппен сырласа алады», – деді Алтынай Нөгербек.

Ал екінші құрамдағы Гүлмира Жакилина әр актрисаның көкейінде «осы рөлді мен ойнағанда қалай болар екен?» деген ниеттің жататынын айта келе, «Пейіш» фильмін көрген сәтте Райхан апаның образында өзін көргісі келіпті. Ниеті қалыс екен, театрға бейімделіп жазылған шығарма кейіпкерін ойнау үшін бірден тандалыпты.

«Қойылымның соңындағы «Сенің туған анаң басқа, мені кешір» дегені, баласымен қоштасуы психологиялық тұрғыда актриса болсам да өзіме ауыр тиді. Киносын көргенде-ақ оқиға желісіне

жүрегім ауырып отыратын. Кейін сахналық үлгісі шығатын болып, мені таңдап алғанда қатты қуандым. Менің негізгі ампулам – комедия. Соған қарамастан, Райхан апаны да өз денгейінде ойнап шығуға тырыстым», – дейді.

### КЕЙІПКЕРІМНЕН КӨП НӘРСЕ ҮЙРЕНДІМ

Әділ рөлін сомдаған Ақсұлтан Әнуарбек бұл образға дайындық ұзаққа созылғанын айтады. Рөл берілмей тұрып-ақ шығармашылық топ аутизм туралы зерттеп, түрлі әлеуметтік эксперимент жасаған. Актердің сөзінше, басты мақсат – кинодағы кейіпкерді қайталамай, қоғамдағы ерекше балалардың мінез-құлқын жинақталған жаңа бейне жасау болған. Өйткені 35 жастағы кейіпкердің санасы 8 жаста қалғанын дәл көрсету жауапкершілік салмағын арттыра түседі. Ақсұлтан су жана кейіпкері көп нәрсе үйреткенін негізге ала отырып, анасына сағынышын бір сәтке болса да басуға мүмкіндік алғанын тебіреніп айтып берді.

– Күнделікті өмірде «Жұмақ – ана табанының астында» дегенді жиі естиміз. Өзіміз де айтып жүреміз. Бірақ астарын дер кезінде түсінбеген сияқтымын. Былтыр анам дүние салды. Содан кейін анамсыз өтіп жатқан әр күнім, әр түнім осы сөздің қаншалықты биік екенін, қадірлі екенін ұғып келемін. Өкінішке қарай, менің бұл рөлімді анам көре алмады. Бірақ кейіпкерім маған көп нәрсе үйретті. Ол «Апа, сен жоқ жұмақта мен не істеймін?» деген қорқынышынан анасын Меккеге апаруды нақты мақсатқа айналдырып алды. Мен одан алдынан кездескен кедергінің бәріне қасқайып қарсы тұруды үйрендім. Негізгі, анам әр қойылымды қалт жібермей көретін. Қай қалада болсам да келетін. Анамдай болған жақындарыма шақыру қағазын жібердім. Бірақ ананың орны бөлек. 511 орындықтың ішінде 1 орын бос болып тұрса, сол менің анамның орны еді деген ішкі монологым тұрады, – дейді актер Ақсұлтан. Осылайша, ол спектакль арқылы анаға деген сағынышын, махаббатын халық алдында шығара алғанына дән риза. Ендігіде ол әр рөлін анасының рухына арнап отыратын жақсы әдет қалыптастырғанын әңгімеге тұздық етті.

Премьера қойылмай тұрып, шығармашылық топ фильмнің екі бөлімін де бірге көріп, талқылау жұмыстарын жүргізген екен. Қойылым инсценировкасын жасаған Қазыбек Аманжолдың айтуынша, киносценарийді дәл көшіріп, театр тіліне икемдеу мақсат емес. Мақсат – қырғыз кинотуындысын мүмкіндігінше қазақландырып, диалогты тілге жатық етіп көрерменге жеткізу. Біз көбіне қойылымның жүзі деп актерлерді атасақ, оның артындағы еңбек режиссердің мойнында жатыр деп түсінеміз. Шын мәнінде, шымылдық артында қаншама адамның бірлескен жұмысы жатыр. Соның ішінде оқиғаны театр әлеміне сай етіп жазып жүрген драматургтің де үлесі аз емес. «Пейіштің» қойылым күйін көрген көрермен кинодағы эпизодтардан әлдеқайда ерекшеленіп тұратынын бірден байқайды. Бұл туралы Қазыбек Аманжол толығырақ айтып өтіп, қосылған өзгерістер себебін түсіндіріп берді.

– Көп көрермен киносын көріп мазмұнын біліп отырады. Сондықтан негізгі мазмұны мен финалын қалдырып, шарықтау шегіндегі кей сахналарды ойдан қостық. Өйткені театрға көркемдеуші дүниелер керек. Негізгі өзгерткен тұсы – ауыл сахнасының ұзақ қойылуы. Фильмде ауыл эпизоды 20 минут болса, біз 1 сағат 20 минутқа дейін өзгерттік. Осы уақыт ішіне қазақ ауылын, мәдениетін, тіпті әлеуметтік проблемасын сыйғыздық.

Премьера кеші рухани тереңдігімен, сахналық көркемдігімен және актерлік шынайылығымен ерекшеленіп, театр репертуарын мазмұндық әрі идеялық тұрғыдан байытқан жана туынды ретінде бағаланды. Пейіш – тек үзде етілген мекен бе, әлде адам жанының күйі ме? Ол кейде анамын алақаны, кейде баланың кіршіксіз сенімі, «мен сені жалғыз қалдырмаймын» деген ішкі серт те болуы мүмкін. Көрермен жауабын өзі табады.



## ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІ ИСЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

Ою-өрнек – ұлттық мәдениетіміздің негізгі этно-мәдени коды, тарихи сабақтастығымыз бен бірегейлігімізді нығайтуға ықпал ететін маңызды элемент.



Қазақ халқының дәстүрлі ою-өрнегі халықаралық деңгейде мойындалды. 11 ақпанда өткен Ислам білім, ғылым және мәдениет ұйымы (ИСЕСКО) Ислам әлемі мұралары комитетінің 13-сессиясында ұлттық өрнек ресми түрде ұйымның мұралар тізіміне енгізілді.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің пікірінше, ою-өрнек – ұлттық мәдениетіміздің негізгі этномәдени коды, тарихи сабақтастығымыз бен бірегейлігімізді нығайтуға ықпал ететін маңызды элемент. Оның ИСЕСКО тізіміне енуі Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудегі үлкен жетістік болып саналады.

«Ою-өрнектің ИСЕСКО-ның беделді тізіміне енуі – Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудегі маңызды қадам. Бұған дейін, яғни 2023 жылы ИСЕСКО тізіміне түркі өркеніетінің басты нышандарының біріне айналған дәстүрлі «Тоғызқұмалақ» ойыны қосылған болатын. Президенттің Ұлттық құрылтай отырыстарында берген тапсырмаларына сәйкес, Қазақстанның мәдени мұра нысандарын ЮНЕСКО және ИСЕСКО тізімдеріне енгізу жұмысы жалғасатын болады», – деп жазды Ерлан Карин.

## АЛМАТЫЛЫҚ ӘЖЕЛЕР РЕКОРД ЖАСАМАҚШЫ



Алматылық әжелер ұзындығы 110 метрлік сырмақ сырып, әлемдік рекорд орнатуға ниетті. Қазір қолөнер бұйымының жартысына жуығы өзір.

Бұл іске 100-ден аса қыз-келіншек қолғабыс етіп жүр. Сырмақта жылдың төрт мезгілі бейнеленеді. Қошқар мүйіз, түйе табан, сынық мүйіз сынды қазақы ою-өрнектер бес түрлі түспен көмкерілмек. Бір жыл бұрын басталған сәндік-қолданбалы өнер туындысы өз-Наурыз мерекесіне орай ел назарына ұсынылады. Оны тамашалауға тұрғындардан бөлек, «Әлемдік рекордтар кітабының» өкілдері де келеді. Ұйымдастырушылардың сөзінше, игі бастама ұлттық қолөнерді дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға, қазақтың дәстүрлі өнерін әлемге танытуға септігін тигізеді.

«Қазіргі заманауи, жаңартып, киіздердің өзін әдемі деңгейде өңдеп, ұсынғылы жатырмыз. Бұл бір жағынан, біздің аналарымыздың өнері, қолөнері десек, екінші жағынан, бұл бізге керек дүние», – дейді «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ өкілі Ләйле Дәулет.

Әлемдік рекордты жаңартатын үйі өзбелі 21 наурызда алматылықтардың назарына ұсынылады. Төрт мезгілді бейнелетін сырлы сырмақты 100 әже, 160 келін, 100 бозбалалық мен 100 бозбала алып шығады екен. Бұл алматылықтардың алғашқы бастамасы емес. Былтыр 660 құрақшы «Медеуле» алып көрпе тігіп, Global Book of Records әлемдік рекордтың орнатқан еді.

## ФОТОСУРЕТШІНІҢ ЖЕКЕ КӨРМЕСІ

Елордада фотосуретші Әнел Базылованың «Мен жаныңдамын» деп аталатын дебюттік жеке көрмесі өтіп жатыр.

Экспозиция екі жобаны – «Сай тұр» және «Күннің артынан еру» серияларын біріктіреді. Ортақ идея, ол: әйелдің ішкі күші. Яғни, әйелді медициналық диагностика арқылы емес, оның мінезі мен тұтастығы арқылы көру. Фотосуретшінің шығармашылығында артық драматизация жоқ, керісінше табиғилық пен шынайы эмоция басым. Жоба қоғамды тереңірек ойлануға, әйел жанын түсінуге және оған құрметпен қарауға шақырады.

Ұйымдастырушы Әлия Сандыбайдың сөзінше, Әнел – Қазақстан үшін өте сирек эстетикалық стильге ие фотосуретші. Онкология, генетикалық дерттермен өмір сүретін адамдардың тағдыры туралы жиірек айту өте маңызды. Өйткені бұл қоғамды инклюзиялық қоғам болуға жақындатады.

С.БЕГІМБАЙ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЛЫҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(707) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4707  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,